

АМАНГЕЛДІ



Аудандық апталық газет

1935 жылғы 15 маусымнан бастап шығады

арайы

e-mail: amangeldy-arai@mail.ru ■ http://baq.kz/kk/regional_media/media/224

НҰРЛЫ ЖОЛ - БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛ

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жолдауы

Құрметті қазақстандықтар!

Бүгінде бүкіл әлем жаңа сын-дармен және қатерлермен бетпе-бет келіп отыр. Әлемдік экономика әлі де жаһандық қаржы-экономикалық дағдарыс салдарынан айыға қойған жоқ. Қалпына келу өте баяу және сенімсіз қадамдармен жүруде, ал кейбір жерлерде әлі құлдырау жалғасуда. Геосаяси дағдарыс пен жетекші державалардың санкциялық саясаты әлемдік экономиканы қалпына келтіруде қосымша кедергілер туындатуда.

Мен өзімнің тәжірибемнен алдын-ала сезіп отырғанымдай, таяудағы жылдар жаһандық сынақтардың уақыты болады. Әлемнің бүкіл архитектура-сы өзгереді. Барлық елдер осы күрделі кезеңнен лайықты өте алмайды. Бұл шептен тек мықты мемлекеттер, жұдырықтай жұмылған халықтар ғана өтетін болады. Қазақстан - әлемдік экономиканың бір бөлшегі және геосаяси қысымның эпицентріне тікелей жақын орналасқан ел ретінде, барлық осы үдерістердің теріс ықпалын тап келеді. Нәтижесінде не болып жатқанын біз көріп отырмыз: әлемдік нарықтарда баға құлдырауда және, тұтастай алғанда, экономикалық өсім баяулауда.

Халықаралық валюта қоры мен Дүниежүзілік банк тарапынан 2014 және одан кейінгі екі жылда әлемдік экономиканың дамуында болжам төмендеу



жағына қарай қайта қаралғаны белгілі. Сондықтан кейбір позицияларды жедел түрде қайта қарап, сондай-ақ, алдағы кезеңдердің жоспарларына түзетулер енгізу қажет. Бізде ырғалып-жырғалуға уақыт жоқ. Бүгін айтылатын шараларды 2015 жылдың 1 қаңтарынан

бастап жүзеге асыру керек. Біз теріс үрдістердің алдын алу үшін барлық ықтимал шараларды жедел қабылдауға тиіспіз.

Бүгін менің тапсырмам бойынша Үкімет белсенді жұмысқа кірісіп кетті. Біз 2015 жылға арналған республикалық бюджеттің параметрлерін қайта

қарадық. Бұл дұрыс, өйткені, біздің экспорттық шикізат ресурстарына бағаның құлдырауы бюджеттің кіріс бөлігіне қаржы түсуін төмендетуге алып келуде. Бірақ, соған қарамастан, Үкімет алдына оңай емес, алайда, нақты міндет - барлық әлеуметтік міндеттемелерді

толық көлемінде қамтамасыз ету міндеті қойылып отыр.

Дағдарыс жағдайларында, әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғаныдай, экономикалық саясатты қайта бағдарлаулар жүріп жатыр. Қолдауды экономикалық өсім мен жұмыспен қамтуда аса үлкен мультипликативті тиімділік беретін салалар алуы тиіс. Мұндай тәжірибе бізде бұған дейін болған. Біздің 2007-2009 жылдардағы дағдарысқа қарсы табысты шараларымызды еске алсақ та жеткілікті. Көріп отырғандарыңыздай, өмір біздің жоспарларымызға түзетулер енгізуде. Және біз партияның тұғырнамасын бүгінгі күн шындығы тұрғысынан қарай отырып жаңа мазмұнмен толықтыруға тиіспіз.

Менің тапсырмам бойынша Үкімет дамудың жаңа ауқымды бағдарламасын жасауды аяқтады. Бүгінде, алдымызда тұрған сын-қатерлерге жауап бере отырып, мен Қазақстанның «Нұрлы Жол» Жаңа Экономикалық Саясаты туралы жариялаймын. Мен 2015 жылға арналған халыққа жаңа Жолдауымды осыған арнаймын. Ол контрцикпикалық сипатқа ие болады және біздің экономикамыздағы құрылымдық реформаларды жалғастыруға бағытталады. Бұл нені білдіреді?

Сыртқы нарықтардағы жағдай оңтайлылығымен ерекшеленіп, мұнай мен біздің экспорттық өнімдерімізге баға айтарлықтай жоғары деңгейде болған жылдары біз шикізат экспортынан түскен табыстарды Ұлттық қорға бағыттап келдік.

(Жалғасы 2-3 беттерде)

Аудан әкімі

ҚЫС КЕЗІНДЕ ТЕХНИКАЛАР ТҰРАҚТЫ ЖҰМЫС ЖАСАСЫН

Аудан әкімінің әр аптаның дүйсенбісі күні сағат 9-да өткізетін кезекті аппараттық кеңесінде (10.11.2014) «Ауданның жол қызметі мекемелерінің 2014-2015 жылдардағы күзгі-қысқы маусымда жергілікті жолдарды күтіп ұстау жұмыстарына дайындығы туралы» мәселе қаралды.

Бірінші болып «Арқалық ауданаралық жол пайдалану кәсіпорны» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қарасты Амангелді жол пайдалану бөлімшесінің басшысы С.Ахмедин хабарлама жасады. Ол өздеріне Арқалық-Торғай тас жолының 110-111 шақырымы аралығындағы жолдарды күтіп-ұстау жұмыстары жүктелгенін, осыған сай мекеменің штаттық кестесінде 13 адам қызмет ететінін, мұның

сыртында маусымдық жөндеу жұмыстарына келісім шартпен 4 адам жұмысқа тартылғанын атап көрсетті. Мекеме бойынша қысқа әзірлік жұмыстары жүргізілген. Қыс уақытында өздеріне міндеттелген жол бойында көліктердің далада қалмай, қауіпсіз әрі уақытылы жүріп-тұруы үшін 1 автогрейдер, 1 шнекоротор, 1 K744, 1 Ваз «Нива-21214» жол көліктері тиісті жөндеуден өткізілген. Биылғы жылдың наурыз-сәуір айларында барлық су ағар тазартылып, жолдың жиегі, автокөлік бекеттері түрлі қоқыстардан, лас заттардан тазартылған. Сонымен қатар Арқалық-Торғай тас жолы бойында орналасқан Есір, Шөптікөл, Ағайдар, Кемер, Қарасу, Махат, Сәт, Құмкешу автобекеттерінің іші-сырты әктеліп, сырланған. Мамыр-тамыз айлары арасында ағымдық

жол жөндеу кезінде 140-177 шақырым аралығындағы барлығы 3400 шаршы метр жердің ой-шұқырлары асфальтталды. Автогрейдер жол көлігімен 173-176, 132-135 шақырым аралығындағы жолдар құмнан тазартылды.

Маусым айында 1 жылдан бері жөндеу жұмыстары жүргізілмеген аудан орталығындағы Д.Божманов көшесінің 1080 шаршы метр тас жолына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі мемлекеттік мекемесі арқылы жергілікті жолдарды күтіп ұстауға және ағымдық жол жөндеу жұмыстарын жүргізуге бөлінген 5 615 000 теңге көлеміндегі жұмыс толығымен орындалды. Қыркүйек айын-

да МТЗ-82 көлігі қыста қар ұстамас үшін жолдың жиегіндегі шөптерді шауып, тазартты.

Мекеме бойынша қысқы уақытта жұмыс істейтін барлық техникалар жөндеуден өткізіліп, дайын тұр.

Келесі кезекте Амантоғай жол пайдалану бөлімінің бас инженері С.Беккалиев хабарлама жасады. Ол да бөлім бойынша техникаларды қысқа дайындау жұмысы өз дәрежесінде жүргенін мәлімдеді. Мекемедегі 1 автогрейдер, 1 шнекоротор, 1 анкватор, Урал-4320, 1 K744, 1 ЗиЛ, 1 Газ 52, техникалары күрделі жөндеуден өткізілгенін айтты. Сол сияқты, жанар-жағар май, қосалқы бөлшектер де Арқалық ауданаралық жол пайдалану мекемесімен қажеттілікке сай қамтамасыз етілгенін мәлім етті.

Әулікөл-Жалдама тас

жол бағыты 94 шақырым аралығындағы жолдардың бойындағы орналасқан барлық 50 суағарлар және автобекеттер маңайы әртүрлі қоқыстардан тазартылып, автобекеттің іші-сырты тазартылып, сырланып қойылғанын айтты. Биылғы жылдың мамыр-тамыз айлары аралығында Мойылды, Сарыөзен көпірлерінің көлік өтетін бөліктерінің маңайы әртүрлі қоқыстардан тазартылып, күтіп-ұстау жұмыстары жүргізілген. Әулікөл-Жалдама тас жолының бойында 257-218 шақырым аралығындағы 3200 шаршы метр жердің ой-шұқырлары асфальтталып, автогрейдер арнайы техникасымен 234 шақырымдағы 488 шаршы метр, және 218 шақырымдағы 1184 шаршы метр жолдың үстіңгі төсеніші асфальттары қырылып алынып, асты кепкен соң, қайтадан тегістелініп төселінген.

(Жалғасы 3-4 беттерде)

НҰРЛЫ ЖОЛ - БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛ

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жолдауы

Ұлттық қордың негізгі міндеттерінің бірі біздің экономикамыздың сыртқы естен тандырулар алдындағы орнықтылығын, оның ішінде, табиғи ресурстарға баға төмендеген жағдайда да, жоғарылату болып табылады.

Осы жылдардың бәрінде шикізат өндіру мен одан түскен табыстарды біз осы Қорға салып келдік. 10 миллиард долларды біз 2007-2009 жылдардағы дағдарысқа қарсы күреске бағыттадық. Қалған ақшаны ішіп-жеп және жұмсап қойған жоқпыз, сақтадық және көбейттік. Қазір біз осы резервтерді пайдалануға тиіс болатын кезең туындап келеді. Бұл қаржы қиын уақыттарды еңсеріп, экономикамыздың өсімін ынталандыруға көмектесетін болады. Бұл ресурстар қысқа мерзімдік шараларға арналмаған. Олар экономиканы әрі қарай қайта құрылымдауға бағытталатын болады. Нақты айтқанда, көліктік, энергетикалық, индустриялық және әлеуметтік инфрақұрылымдарды, шағын және орта бизнесті дамытуға бағытталады.

Ақпан айында Ұлттық қордан экономикалық өсім мен жұмыспен қамтуды қолдау үшін 2014-2015 жылдарға 500 миллиард теңгеден екі транш бойынша 1 триллион теңге бөлу туралы шешім қабылданған болатын. Басталған жобаларды аяқтау және аса өткір мәселелерді шешу үшін Үкіметке Ұлттық қордан 500 миллиард теңге көлеміндегі екінші транш қаржысын мына мақсаттарға бағыттауды тапсырамын.

Бірінші. Шағын және орта бизнесті, сондай-ақ, ірі кәсіпкерлікті жеңілдікпен несиелеуге қосымша 100 миллиард теңге бөлу қажет. Бұл тамақ және химия өнеркәсібіндегі, машина жасаудағы, сондай-ақ, қызмет көрсетулер саласындағы жобаларды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Екінші. Банк секторын сауықтыру және «жаман» несиелерді сатып алу үшін 2015 жылы Проблемалы несиелер қорын қосымша 250 миллиард теңге көлемінде капиталдандыруды қамтамасыз етуді тапсырамын.

Үшінші. Жаңа инвестициялар тарту үшін тиісті жағдайларды жақсарту қажет. Осы мақсатта 2015 жылы «құрғақ порттың» бірінші кешені құрылысын аяқтауға, «Қорғас-Шығыс қақпасы» және Атырау мен Тараздағы «Ұлттық индустриялық мұнай химиясы технопаркі» арнайы экономикалық аймақтары инфрақұрылымдарына 81 миллиард теңге бағыттауды тапсырамын.

Төртінші. Бұған дейін бөлінген 25 миллиардқа ЭКСПО-2017 кешені құрылысын жалғастыруды несиелеу үшін 2015 жылы қосымша 40 миллиард теңге бөледі тапсырамын.

Бесінші. ЭКСПО-2017 қарсаңында бізге Астананың көліктік инфрақұрылымын дамыту туралы ойластыру қажет. Астана аэропорты осы жылдың өзінде-ақ өзінің максималды өткізу қабілеті - 3,5 миллион адамға жетеді. Сондықтан оның әлеуетін ұлғайту үшін 2015 жылы жаңа терминал құрылысы

мен ұшу-қону жолағын қайта жаңғырту үшін 29 миллиард теңге бөлуді тапсырамын. Бұл өткізу қабілетін 2017 жылға қарай жылына 7,1 миллион жолаушыға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Құрметті қазақстандықтар! Экономиканы дамытуда жаңа сыртқы тәуекелдерді есепке ала отырып, бізге іскерлік белсенділік пен жұмыспен қамтуды ынталандыру үшін жаңа бастамалар қажет. Жаңа Экономикалық Саясаттың Тұғыры мен бүгін жариялағалы отырған Инфрақұрылымдық дамудың жоспары болады. Ол 5 жылға есептелген және қатысуға 100-ден астам шетелдік компаниялар ниет білдіріп отырған ҮИИДБ-ны жүзеге асырудың Екінші бесжылдығына сәйкес келеді. Жалпы инвестициялық портфель 6 триллион теңгені құрайды, мемлекеттің үлесі - 15 пайыз.

Қазақстан - ұшқан құстың қанаты талатын ұлан-ғайыр аумақтың иесі. Сондықтан, аталған жоспар орасан қаражат пен еңбекті, аса ауқымды жұмысты қажет етеді. «Елдің өркенін білгің келсе, жолына қара» деген қағида қалыптасқан. Барыс-келіс пен алыс-берісте жол қатынасы айрықша маңызға ие. Көне замандарда ірі қалаларымыздың көбі Ұлы Жібек жолын жағалай қоныс тепкен.

Қазір де қайнаған тіршілік күре жолдардың бойында. Жол - шын мәнінде өмірдің өзегі, бақуатты тірліктің қайнар көзі. Барлық аймақтар теміржолмен, тасжолмен, әуе жолымен өзара тығыз байланысуы керек. Астанада тоғысқан тоғыз жолдың торабы елорданың жасампаздық рухын тарататын өмір-тамырға айналуы тиіс. Аймақтардың өзара байланысын жақсарту елдің ішкі әлеуетін арттырады. Облыстардың бір-бірімен сауда-саттығын, экономикалық байланыстарын нығайтады. Ел ішінен тың нарықтар ашады. Осылай, алысты жақын ету - бүгінгі Жолдаудың ең басты түйіні болмақ.

Бірінші. Көліктік-логистикалық инфрақұрылымдарды дамыту. Ол макроөңірлерді хабтар қағидаты бойынша қалыптастыру аясында жүзеге асырылатын болады. Оның үстіне, инфрақұрылымдық қаңқа Астанамен және макроөңірлерді магистралдык автомобиль, теміржол және әуе жолдарымен шұғыла қағидаты бойынша өзара байланыстырады. Бірінші кезекте, негізгі автожолдар жобасын жүзеге асыру қажет. Бұлар Батыс Қытай - Батыс Еуропа; Астана - Алматы; Астана - Өскемен; Астана - Ақтөбе - Атырау; Алматы - Өскемен; Қарағанды - Жезқазған - Қызылорда; Атырау - Астрахань.

Сондай-ақ, елдің шығысында логистикалық хаб және батысында теңіз инфрақұрылымын құруды жалғастыру қажет. Батыс бағытта Каспий порты арқылы экспорттық әлеуетті арттыруға Құрық портынан ауқымды паромдық өткел және Боржақты - Ерсай теміржол желісі ықпал ететін болады. Үкіметке Қытайдың, Иранның, Ресей мен ЕО елдерінің

«құрғақ» және теңіз порттарын-да терминалдык қуаттар салу немесе жалға алу мәселесін ойластыруды тапсырамын.

Екінші. Индустриялық инфрақұрылымдарды дамыту. Инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру құрылыс материалдарына, көліктік-коммуникациялық, энергетикалық және тұрғын үй-коммуналдық салалар үшін өнімдер мен қызмет көрсетулерге үлкен сұраныс ту-дырады.

Осыған байланысты, біріншіден, жұмыс істеп тұрған арнайы экономикалық аймақтарда инфрақұрылымдар қалыптастыру жұмыстарын аяқтау керек. Үкіметке және әкімдерге оларды нақты жо-балармен толықтыру бой-ынша жедел шаралар алу қажет. Екіншіден, өңірлерде ШОБ өндірісін дамыту мен қосымша инвестициялар тартуға бағытталған жаңа индустриялық аймақтар салу мәселесін ойластырған жөн. Туризм үшін инфрақұрылым - жеке бағыт. Оның басты басымдығы жұмыс орындары санын көптеп құру мүмкіндігі болып табылады. Мұнда бір жұмыс орнын құру өнеркәсіпке қарағанда 10 есе арзанға түседі.

Үшінші. Энергетикалық инфрақұрылымдарды дамы-ту. Өткен 5 жылда энерге-тикада индустрияландыру бағдарламасы шеңберінде үлкен жұмыстар жүргізілді. Соған қарамастан, магистралдық желілердің шектеулілігі елдің оңтүстік өңірлерінде электр энергиясының, орталық және шығыс облыстарында табиғи газдың тапшылығын туында-тып отыр. Екі жобаға назар салу керек. «Екібастұз - Се-мей - Өскемен» және «Семей - Ақтоғай - Талдықорған - Ал-маты» бағыттарында жоғары вольтты желілер салу қажет. Бұл қазақстандық электр стансаларының елдің барлық өңірлерін теңдестірілген энер-гиямен қамтамасыз етуіне мүмкіндік береді.

Төртінші. ТКШ мен су-және жылумен қамтамасыз ету желілері инфрақұрылымдарын жаңғырту. Инвестицияларға жалпы қажеттілік қаржыландырудың барлық көздерінен 2020 жылға дейін жыл сайын ең азы 200 милли-ард теңге бөлгенде кем дегенде 2 триллион теңгені құрайды.

Бүгін ТКШ-ны жаңғыртуға инвестициялар салуға Еуропа Қайта құру және даму банкі, Азия даму банкі, Ислам даму банкі, сондай-ақ, жеке инве-сторлар үлкен қызығушылық танытып отыр. Ұзақ мерзімді инвестициялық тарифтер ұсыну арқылы олардың барынша тар-тылуын қамтамасыз ету қажет. Тарифтердің айтарлықтай ұлғаюына жол бермеу үшін ондай жобаларды мемлекет қосымша қаржыландыруы ке-рек. Осыған байланысты жылу-және сумен қамтамасыз ету жүйелерін жаңғырту қарқынын жеделдету үшін бюджет-те қарастырылған қаржыға қосымша жыл сайын 100 мил-лиард теңге бағыттау ұтымды болмақ.

Бесінші. Тұрғын үй инфрақұрылымдарын нығайту. Агломерациялар қалыптастыру айтарлықтай тұрғындар

ағынымен қатарласа жүреді. Бұл еңбек нарығы мен қалалардың инфрақұрылымына, соның ішінде, тұрғын үй қорына қысым туғызады. Сондықтан жалға берілетін тұрғын үй құрылысына көзқарасты қайта қараған жөн. Мемлекет әлеуметтік жалдамалы баспа-наны салып, оны тұрғындарға сатып алу құқын бере отырып, ұзақ мерзімді жалға ұсынады. Баспананы тікелей, делдал-дарсыз және несиеге барынша төмен пайызбен ұсыну оның сатып алу құнын арзандатуға мүмкіндік береді. Бастапқы жарнаның болмауы мен ипотека үшін төмен пайыздар баспананы қазақстандықтардың көптеген жіктері үшін қолжетімді ете түседі. Сондықтан 2015-2016 жылдар ішінде жалға берілетін тұрғын үй құрылысын қаржыландыруды қосымша 180 миллиард теңге сомасында ұлғайтамыз.

Алтыншы. Әлеуметтік инфрақұрылымдарды да-мыту. Бірінші кезекте, бұл - апатты мектептер мен үш ауысымда оқыту проблемала-рын шешу. Бұл - біздің Сай-лауалды тұғырнамамыздың негізгі индикаторларының бірі. Үшжылдық бюджет-те қарастырылған қаржы бұл проблеманы 2017 жылға дейін шешуге мүмкіндік бермейді. Сондықтан Үкіметке қосымша 70 миллиард теңге бағыттауды тапсырамын. Бала-лар бақшасының жетіспеушілігі - басқа мәселе. Мектепке дейінгі мекемелерде орын-дар тапшылығын түбегейлі қысқарту үшін 3 жыл бойы қосымша 20 миллиард теңге бағыттауды тапсырамын. Әкімдер жеке секторды тарта отырып, бұл жұмыспен барын-ша айналысуы тиіс.


Индустрияландыру бағдарламалары шеңберінде базаларында ғылымның эконо-мика салаларымен және маман-дар дайындаумен байланысы қамтамасыз етілетін 10 ЖОО анықталды. Осы мақсаттарға 2017 жылға дейін 10 милли-ард теңге бағыттау отырып, осы жоғары оқу орындарының материалдық-техникалық база-сын қалыптастыруды тапсыра-мын.

Жетінші. Шағын және орта бизнес пен іскерлік белсенділікті қолдау бойынша жұмысты жалғастыру қажет. Бүгінде Ұлттық қордан ШОБ-ты қолдауға және несиелеу-ге бағытталған 100 миллиард теңге толықтай игерілді. Бұл 4,5 мың жұмыс орнын құруға мүмкіндік берді. Бұл қаржыға сұраныс ұсыныстан 23 милли-ард теңгеге асып түсті. Бизнесті 10 жылға бар-жоғы 6 пайыз-бен несиелеудің бұрын-соңды болмаған шарты жасалды. Мұндай шарттар біздің елімізде бұған дейін болған емес. ШОБ-ты экономикалық өсімнің драйвері ретінде дамыту және оның үлесін 2050 жылға қарай ІЖӨ-нің 50 пайызына ұлғайту бойынша жұмысты жалғастырған жөн. Сондықтан шағын және орта бизнес үшін 2015-2017 жылдары жалпы со-масы 155 миллиард теңге не-сие желілерін АДБ, ЕҚДБ, Дүниежүзілік банк есебінен тиімді пайдалану қажет.

(Жалғасы 3-бетте)



Қазақстан 2050
МӘҢГІЛІК ЕЛ



НҰРЛЫ ЖОЛ - БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛ

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жолдауы

Құрметті қазақстандықтар!

Әлемдік экономикадағы жағдай мынадай, дағдарысты жағдайларда алға қойған мақсаттарға қосымша қаржы ресурстарынсыз қол жеткізу айтарлықтай күрделі.

Кезінде Ұлттық қордың не үшін құрылғанын қаперлеріңізге салғым келеді. Оның басты міндеті - тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз ету және экономиканы сыртқы қолайсыз жағдайлардан қорғау. Дәл қазір біздің осы қорымызды қажетке жарататын кез келді. Қазақстан өзге елдердің қателіктерін қайталамай, экономикалық өсім үшін ішкі қорын барынша тиімді пайдалануы тиіс.

Мен Ұлттық қордан 2015-тен 2017 жылға дейінгі кезеңге жыл сайын қосымша 3 миллиард долларға дейін бөлу жөнінде шешім қабылдадым. Үкіметке бір апта мерзімде Ұлттық қордан қаржы бөлу үшін тиісті шешім дайындауды және 2015 жылға арналған республикалық бюджет жобасында қажетті қаржыларды ескеруді тапсырамын. Сондай-ақ, Үкімет қажетті шаралар қабылдап, осы қаржылардың тиімді әрі онтайлы пайдаланылуын қамтамасыз етуі керек.

Мен құрған комиссия қаржының тиімді жұмсалуды қатаң қадағалап, жеке өзіме баяндап отыратын болады. Әр теңге үшін қатаң сұрау болмақ. Барлық әкімдерге айрықша жауапкершілік жүктеледі. «Нұр Отан» осы жұмысқа белсенді араласып, барлық деңгейлерде қатаң партиялық бақылау орнатуы тиіс.

Ұлттық қор инвестициялары экономиканың тиісті салаларында міндетті құрылымдық реформалар жүргізумен қоса-қабат жүруі тиіс. Ол үшін жобаларды халықаралық қаржы ұйымдарымен бірлесіп жүзеге асыруды қамтамасыз ету қажет. Мәселен, Дүниежүзілік банк, Азия даму банкі, ЕҚДБ және ИДБ қазірдің өзінде 90 басымдықты жобаға 9 миллиард доллар шамасында бөлуге дайын. Қаржыларды бөлу инвестициялық белсенділікті қолдауға, халықтың табыстары деңгейі төмендеуінің алдын

алуға және жаңа жұмыс орындарын ашуды ынталандыруға бағытталған.

Нәтижесінде қысқа мерзімді және орта мерзімді перспективада экономиканың тұрақты өсуі қамтамасыз етіледі.

Біздің білім беруді, денсаулық сақтауды, ауыл шаруашылығын дамыту бағдарламаларымыз жалғаса береді. Бұл туралы алдағы жылы Үкіметтің алғашқы кеңейтілген отырысында нақты әңгіме қозғайтын боламыз. «Нұрлы Жол» Жаңа Экономикалық Саясат - әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына бару жолындағы біздің ауқымды қадамымыз.

Бүгінде табысты жұмыс істеу үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған. Әкімшілік реформа жүргізілді, Үкімет пен атқарушы биліктің жаңа құрылымы жұмыс істеуде. Әр министр не істеу керек екенін біледі. Біз басқарудағы қосарланушылық пен қажет емес буындарды жойдық. Әкімдер өкілеттіліктің қажетті деңгейіне ие болды. Өңірлерде бәрі бар - бағдарламалар, ресурстар, қаржы құралдары. Әркім өз жұмыс учаскесі үшін жауап береді. Тек білекті сыбанып, іске кірісу қажет.

«Нұрлы Жол» Жаңа Экономикалық Саясат біздің экономикамыздың таяу жылдардағы өсімінің драйвері болады. Тек жол құрылысы арқылы ғана жаңадан 200 жұмыс орны құрылады. Ал бұл халықтың жұмыспен қамтылуын және табыстарының өсуін білдіреді. «Нұрлы Жол» цемент, металл, техника, битум, жабдықтар өндіру мен соған сәйкес қызметтер сияқты экономиканың басқа да салаларына мультипликативті әсер етеді. Жолдар - Қазақстан үшін өмір желісі. Біздің кең байтақ жерімізде жолдар бойында әркезде де өмір пайда болған және дамып отырған. Біз Астанадан барлық жақтарға автомобиль, теміржол және авиациялық магистральдар тарайтындай көлік желісін құруға тиіспіз. Жүректен тарайтын артериялар сияқты. Күннен тарайтын шұғыла сияқты.

Қазақстандықтар салатын жаңа магистральдар біздің эко-

номикамыз бен қоғамымызды жаңартады. Олар біздің еліміздің барлық түкпірлерін орталықпен берік байланыстырады. Жүк тасымалы жеделдейді және ұлғаяды. Ел арқылы транзит көлемі артады. Біздің азаматтарымыз заманауи және сапалы автомагистральдармен жүріп, кез келген өңірге қауіпсіз және тез жететін болады. Әлеуметтік инфрақұрылым жақсарады, жаңа және заманауи мектептер мен аурухана-лар жоғары сапалы қызметтер көрсетеді. Нәтижесінде ол әрбір қазақстандықтың әл-ауқаты мен өмір сапасында көрініс табады. Ал ең бастысы - осының бәрі болашақ ұрпақтың байлығы ретінде біздің жерімізде қалады.

Құрметті қазақстандықтар!

Алда үлкен де жауапты жұмыстар тұр. Толықандықтың жаһандық сынынан өту үшін біздің топтаса білуіміз қажет. Біз барлық қазақстандықтар арасындағы сенімді нығайтуға тиіспіз! Бір-бірімізге тағатты болуымыз керек! Бұлар - Қазақстанның болашағына кілттер. Этносаралық келісім - ол өміршеңдік оттегі. Біз дем алған кезде оны байқамаймыз, ол өздігінен болады - біз тек өмір сүреміз. Бірлігіміз бен этносаралық келісімді біздің өзіміз сақтауға тиіспіз. Оны біз үшін ешкім ешқашан сырттан келіп жасамайды. Біздің жастарымыз жаңа, тәуелсіз елде өсіп келеді. Бүгінгі буын 90-шы жылдардағы этносаралық соғыстар мен қақтығыстарды, күйреуді көрген жоқ. Сондықтан көпшілігі Қазақстандағы тұрақтылық пен қолайлы өмірді туғаннан солай болуға тиіс сияқты қабылдайды.

Тұрақтылық пен келісім дегеніміз не? Ол отбасылық әл-ауқат, қауіпсіздік, басына. Бейбітшілік - ол әке мен ана қуанышы, ата-аналар денсаулығы және біздің балаларымыздың бақыты. Бейбітшілік - ол тұрақты жұмыс, жалақы және ертеңгі күнге деген сенім. Бейбітшілік пен тұрақтылық - күн сайынғы еңбекпен қорғап, нығайтуды қажет ететін жалпыхалықтық жетістік. Мен жастар - біздің болашағымыздың тірегі дегенді әркез айтып келемін. Мем-

лекет жаңа буынның алдында барлық есіктер мен жолдарды ашты! «Нұрлы Жол», міне, біздің креативті ырғақты жастарымыздың күш-жігері жұмсап, құлаш сермейтін тұсы осы!

Алдағы жылы біз Конституцияны қабылдаудың және Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылуының 20 жылдығын салтанатты түрде атап өтеміз. Осы даталарды атап өте отырып, бізге қазақстандықтарды рухани тұрғыда бұрынғыдан да гөрі күштірек, топтасқан және бұрынғыдан да бетер тағатты ету маңызды. Қазақстан, тек алға атты біздің басты қағидатымыз тарихтың жаңа жауапкершілікті орамында жаңаша үн мен неғұрлым терең мағынаға ие болатынына менің сенімім мол. Баршаларыңызға біздің Отанымызды бұрынғыдан да зор биікке көтеретін жаңа шыңдарға қол жеткізуде табыстар тілеймін!

Қадірлі халқым!

Біз Жалпыұлттық идеямыз - Мәңгілік Елді басты бағдар етіп, тәуелсіздігіміздің даму даңғылын Нұрлы Жолға айналдырдық. Қажырлы еңбекті қажет ететін, келешегі кемел Нұрлы Жолда бірлігімізді бекемдеп, аябай тер төгуіміз керек. Мәңгілік Ел - елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі. Ол «Қазақстан-2050» Стратегиясының ғана емес, ХХІ ғасырдағы Қазақстан мемлекетінің мызғымас идеялық тұғыры! Жаңа Қазақстандық патриотизм дегеніміздің өзі - Мәңгілік Ел! Ол - барша Қазақстан қоғамының осындай ұлы құндылығы.

Өткен тарихымызға тағзым да, бүгінгі бақытымызға мақтаныш та, гүлденген келешекке сенім де «Мәңгілік Ел» деген күдіретті ұғымға сыйып тұр. Отанды сүю - бабалардан мирас болған ұлы мұраны қадірлеу, оны көздің қарашығындай сақтау, өз үлесінді қосып, дамыту және кейінгі ұрпаққа аманат етіп, табыстау деген сөз. Барша қазақстандықтардың жұмысының түпкі мәні - осы!

«Мәңгілік Ел» идеясының бастауы тым тереңде жатыр. Осыдан 13 ғасыр бұрын Тоныкөк абыз «Түркі жұртының мұраты - Мәңгілік



Қазақстан 2050
МӘҢГІЛІК ЕЛ

Ел» деп өсиет қалдырған. Бұл біздің жалпыұлттық идеямыз мемлекеттігіміздің тамыры сияқты көне тарихтан бастау алатынын көрсетеді. Жалпыұлттық идеяны өміршең ететін - Елдің бірлігі. Ауызбіршілік қашқан, алауыздық тасқан жерде ешқашан да жалпыұлттық идеялар жүзеге асқан емес. Қазақстанның шыққан шыңы мен бағындырған биіктерінің ең басты себебі - бірлік, береке. Біз тұрақтылықты бағалай білгеніміздің арқасында бүгінгі табыстарға жеттік. Ешкімді кемсітпей, ешкімнің тілі мен ділін мансұқтамай, барлық азаматтарға тең мүмкіндік беру арқылы тұрақтылықты нығайтып келеміз. Біздің кейінгі ұрпаққа аманаттар ең басты байлығымыз - Ел бірлігі болуы керек. Осынау жалпыұлттық құндылықты біз әрбір жастың бойына сіңіре білуге тиіспіз.

2015 жыл - ұлттық тарихымызды ұлықтау және бүгінгі биіктерімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жылы. Қазақ хандығының 550 жылдығын, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Конституциямыздың 20 жылдығын, Ұлы Жеңістің 70 жылдығын атап өтеміз. Осынау тарихи белестер Жаңа Қазақстандық Патриотизмді ұрпақ жадына сіңіруге айрықша рөлге ие. Біз 2015 жылды Қазақстан халқы Ассамблеясы жылы деп жарияладық. Елдің тұтастығы мен бірлігі, татулығы мен тыныштығы ең басты назарда.

Ел бірлігі - біздің барша табыстарымыздың кілті. Тұрақты дамудың қазақстандық моделі бүгінде бүкіл әлемге үлгі. Тәуелсіздігіміздің 25 жылдық мерейтойын және халықаралық ЭКСПО-2017 көрмесін табысты өткізіп, еліміздің әлеуетін әлемге паш етеміз. Ұлы жолдағы сапарымыз сәтті, болашағымыз жарқын болсын! Баршаңызға «Нұрлы Жол» Жолдауын жүзеге асыруда табыс тілеймін!

Аудан әкімі

ҚЫС КЕЗІНДЕ ТЕХНИКАЛАР ТҰРАҚТЫ ЖҰМЫС ЖАСАСЫН

Мұнымен қатар 226 -238 шақырымдағы жолдың бойындағы қамыстар қар ұстамас үшін шабылған. Сондай-ақ 2012-2013 шақырымдағы шыбықтарды және барлық жол белгілерінің маңайындағы өсіп кеткен шөптерді жұмыскерлер қолмен шауып шыққан. Жол бойларына жаңадан жол белгілері қойылған. Қазан айының ішінде бөлімге қарасты тас жолдың екі жақ жиегіндегі өсіп кеткен шөптерді механизаторлар МТЗ 82 көлігімен шауып шыққан.

Амантоғай жол жөндеу бөлімі алдымыздағы қысқа сақадай сай, техникалары жөндеуден өткен, жанар-жағар май жеткізілген. Қажетті құралдар дайын, қыстық отын түсірілген. Келесі кезекте «Аманкелді жолы» ЖШС директоры А.Амантай хабарлама жасады.

Ол мекемедегі техникалардың күрделі жөндеуден өткенін сонымен қатар, 1 жылы, 1 салқын гараждың жөндегенін, қысқа кезетті жанар-жағар майдың тасып алынғанын, мекеменің жылы ұстау үшін қысқы отынға 40 тонна шұбаркөл көмірі қазан айының басында тасып алынғанын айтты. Мекеме бойынша қыста жол қызмет жасайтын 2 К700А, Т-150, МТЗ-80, КамАЗ техникалары және басқа да қажетті құралдардың дайын тұрғанын айтты.

«Жоламан» ЖШС директоры А.Таубаев та қыста жол қызметін көрсететін техникалардың жөндеуден өткенін, дайындық жұмыстары талапқа сай жасалғанын мәлімдеді.

Күн тәртібінде қаралған мәселені аудан әкімі Ж.Қ.Таукенов қорытындылады. Ол аталмыш мекемелердің алдағы қысқа дайындықты әлі

де тиянақтауы керектігін атап көрсетті. Мәселен, Амантоғай жол пайдалану бөлімінің бас инженері С.Бекқалиевке «Газ-52» автомашинасын қыста жол бойында пайдалануды қамтамасыз етуді атап көрсетті.

4 мекеме бойынша да қыс кезінде тұрақты жұмыс істеуді міндеттеді. Өйткені, қыстың аты - қыс! Табиғат мінезі қатал әрі тұрақсыз, жылдам өзгеріп отырады. Сондықтан, бұл мекемелерге әсіресе, боранды және аязды күндері өздеріне қарасты бекітіліп берілген жол бойында техникалардың сынып, тоқтап қалмауын, адамдардың көмекке зәрулігінің алдын алуды тапсырды. Сол сияқты, боранды, қатты аязды күндері жолдарды жіті қадағалап отыруды міндеттеді.

Аудандық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдарының басшысы Р.М.Қайырбековке жол мекемелерінің қыс кезінде

тиянақты жұмыс істеуін қамтамасыз етуді және олардың жұмысын жіті бақылауды тапсырды.

Аппараттық кеңесте аудандық мәслихат хатшысы Ә.Қ.Саматов аталмыш жол мекемелеріне жолдарды дұрыстап ашуды жолға қоюды сұрады. Ол осы уақытқа дейін бұл мекемелер қыста жол аршыған кезде асығыстық жасайтынын, жол бойын тегістеп, толық тазаламайтынын атап көрсетті. Әр ауылға баратын жолды 2-3 сағат емес, бірер күн бойы тазалап, тиянақтап отыруды ұсынды.

Аудан әкімі Ж.Қ.Таукенов мәслихат хатшысының ұсынысын қолдап, жол мекемелерінің басшыларына сыннан қорытынды шығаруды міндеттеді.

- Биылғы қыс туралы алдын ала бірнеше болжаулар бар. Ал жаздың қалай өткені ау-

дан халқына мәлім. Шілде-тамыз айларында күн қатты ысығаны белгілі. Болжам бойынша алдымыздағы қыста аяз 43 градусқа дейін барады деген сөз бар. Әрине, мұның қаншалықты растығын уақыт көрсетеді. Бірақ қысқа жан-жақты әзір болуымыз керек. Әсіресе, жолдардың қызметін мүлтіксіз жүзеге асыру шарт. Ешкім далада қалып қоймауы керек. Сынған, бұзылып далада қалған техникалар болса, оларға дер кезінде көмек беріп, адамдарды далада қалдырмауымыз керек. Сол үшін қыс кезінде жол мекемелері басшылары да, мамандары мен жұмысшылары да зор жауапкершілікпен жұмыс жасаулары шарт. Әлі де уақыт бар. Техникаларды қайта тексеріп, жөндеуден өткізіп алу керек. Өйткені қыс кезінде барлық техникалар тұрақты жұмыс істейтін болуы шарт! - деді аудан әкімі.

Кеңесте бірқатар ағымдық мәселелер де қаралды.

(Басы 1-бетте. Жалғасы 4-бетте)

Аудан әкімі

ТОРҒАЙ ҰЛТ АЗАТТЫҚ
КӨТЕРІЛІСІНІҢ 100
ЖЫЛДЫҒЫНА ЛАЙЫҚТЫ
ӘЗІРЛЕНЕЙІК

Аппараттық кеңесте аудан әкімі Ж.Қ.Таукенов 2016 жылы Торғай көтерілісіне 100 жыл толатынын, осы ғасырлық тарихи оқиғаны бүгінгі уақыт талабына сай деңгейде атап өтуді алға қойды. Ол өз сөзінде: «Бұл – тек бір ғана Амангелді-Әбдіғәпар аталарымыздың емес, барлық ата-бабаларымыздың ерен ерлігі болатын! – деп атап көрсетті.

Шынында да бұл орталықтан шалғайда жатқан халқымыздың патшалық езгіге қарсы, теңсіздікке қарсы жасаған күш-қайраты болатын. Сондықтан да, оны жоғары деңгейде атап өту – уақыт талабы. Өйткені ол, жас ұрпақты өз Отанын сүйуге, оның мәңгілік ел болып өмір сүруіне тиісті үлестерін қосуға қалыптастырады. Ал тұңғыш Елбасымыз - Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев «Мәңгілік Ел» мұратын алға қойған қазіргі сәтте де бұл тарихи оқиғаның орны ерекше.

Аудан әкімі орынбасары С.У.Хайруллинге осы ғасырлық тарихи оқиғаға қатысты дайындық жұмыстарын қазірден бастап жүргізуді міндеттеп, тиісті тапсырмалар берді. Өйткені, әне-міне дегенше уақыт өте шығады. Ерте әзірленсек – көп шаруа өзінің ретімен орындалатын болады.

(Соңы. Басы 3-бетте)

Отан қорғау – ұлы парыз

ӘСКЕР ҚАТАРЫНА ШЫҒАРЫП САЛДЫ

2014 жылдың 11 қарашасы күні сағат 10-да «Шұғыла» жастар демалыс орталығының жанындағы «Ерлік даңқы» ескерткішінің алдында Отан алдындағы парызын өтеуге бара жатқан жастарды салтанатты шығарып салу рәсімі өтті.

Рәсімге жиналған жұртшылықты аудан әкімінің орынбасары С.У.Хайруллин құттықтап, болашақ жас сарбаздардың қадамына сәттілік тіледі. Отан алдындағы борыштарын абыроймен орындап қайтуға тілектестігін білдірді.

Келесі кезекте аудандық қорғаныс бөлімінің басшысы С.С.Аймұханов, ата-ана Қ.Алтынбаев әскер қатарына барушы И.Токсейітов сөз сөйлеп, алғашқы екеуі жастарға ақ жол тілесе, әскер қатарына барушы азамат аудан халқының өздеріне көрсеткен сенімдеріне сай борышта-



рын абыроймен атқарып қайтатындықтарына сенім білдірді.

Жас сарбаздарға еңбек ардагері Б.Нұрсейітұлы ақ бата берді.

Әскер қатарына бұл жолғы бара жатқан сарбаздар ерекше қуаныш үстінде. Себебі олар ауданымыз бойынша

алғаш рет шекара күзеті қызметіне аттанып барады. Бұл - әрине зор сенім! Олардың ғана қуанышы ғана емес, аудан халқының да қуанышы. Отан шекарасын күзету – кез-келген сарбаздың еншісіне тие бермейді. Шекара күзеті - аса абыройлы қызмет! Біз жас сарбаздардың даңқты

Амангелді ағамыздың ерлік дәстүріне сай азаматтық борыштарын адал әрі жоғары деңгейде орындап қайтатынына сенеміз.

Суретте: әскер қатарына аттанып бара жатқан ауданымыздың бір топ жас сарбаздары.

Өз тіліміз.

Суретті түсірген автор.

Театр

«МҰНМЕН ЖАЛҒЫЗ АЛЫСҚАН АДАМ»



жамандаған – дұрыс болмайды!» - деп ақыл айтады.

Түркістан қандай жер болса да, сонда қалуға бекінеді. Сөйтіп, 70 жылдай шетелде болған Асан қарт бір баласымен, келінімен және немересімен туған Қазақстанға

2014 жылдың 11 қарашасы күні сағат 18-де Қ.Әбенев атындағы мәдениет үйінің сахнасында Ерсайын Төлеубайдың «Мұнмен жалғыз алысқан адам» атты спектаклі қойылды.

Спектаклдің арқауы - өткен XX ғасырдың 20-30-шы жылдарында елден қуғын-сүргінге байланысты Францияның астанасы Парижге қоныс аударған Асан қарттың жасы ұлғайғанда жатса-тұрса да туған жерді сағынып, аңсауы. Асан қарттың зайыбы Қоңырбүбі Париж қаласында жерленген. Екі ұлы, екі келіні және бірнеше немересі бар, тұрмысы жақсы. Не шейін, не жейін демейді. Бәрі бар. Алайда, Асан қарттың көңілін алаңдататын нәрсе – ол сонау жырақта қалған туған елі – Қазақ даласы! Оның туған жері – Қызылорда облысы.

Асан қарт балаларына қазір жағдай түзелген, қуғын-сүргін жок, шетте жүрген қазақтар Қазақстанға барып жатыр, біз де қайтайық! - дейді. Бірақ үлкен ұлы әкесінің бұл тілегіне мүлде қарсы. Ол Парижден кеткісі келмейді. Үлкен бизнесін ақсатпауды ойлайды. Алайда екінші ұлы мен Асан қарттың немересі қарияның алаң көңілін басуға құрақ ұшады. Үлкен ұлдың келіншегі болса, ол да екіұдай сезімде. Олардың ұлы қазақ қызына үйленетін болып, Қазақстанға оралмақ. Баласының қамын жеген келіншек Қазақстанға барғысы келеді. Бірақ күйеуі үзілді-кесілі қарсы болады.

Сонымен не керек, Асан қартты немересі мен екінші ұлы және оның әйелі қолдап, Парижден Қазақстанға ұшып келеді. Түркістанда болады. Сол жерде бір кейуана жігітпен кездесіп, әңгімелеседі. Өмірден түңілуге айналған ол өз елін жамандай бастайды. Сол кезде Асан қарт оған: «Қарағым, еліңді жамандама! Елді

оралады. Үлкен ұлының баласы қазақ қызына үйленіп, ол да келуге ниет білдіреді. Оның шешесі - Француз қызы ол да оралмаққа ниет етеді.

Спектакль соңында көңілге үміт оты ұялайды. Себебі Асан қарттың бірінші ұлы да ата-жұртына оралатынына сенгендей боласың.

Аксақал Парижде тұрса да өмір бойы



туған елін ансаумен ғұмыр кешеді. Ақыр соңында Алла жазып, туған жерге жетеді. Әрине, Асан қарттың тағдыры кім-кімді де ойландырады. Бей-жай қалдырмайды. Оның бейнесі шет-жұртта жүрген өзге бауырларымызға да ой түсірері анық.

Г.ЖҰМАДІЛДӘҚЫЗЫ.
Суреттерде: спектакльден көріністер.

Өнер өлкесінде

ҚУАНЫШТЫ БҰР КҮН
НЕМЕСЕ АУДАНЫҚ МУЗЫКА МЕКТЕБІНЕ 40 ЖЫЛ

2014 жылы қарашаның 8-і күні сағат 15.00-де Қазыбек Әбенев атындағы аудандық мәдениет үйінде музыка өнерінің қара шаңырағы - музыка мектебінің 40 жылдығына арналған концерттік бағдарлама өткізілді.

Бірталай жанның өнерін ұштап, біліммен сусындап, қанаттарын қатайтып, өнер айдынында қалықтауына демеу болған, талай таланттың көзін ашқан, ән мен күйге, жалпы музыка өнеріне ғашық қылған, өнерпаздардың алтын ордасы - Аманкелді аудандық музыка мектебінің ашылғанына биыл 40 жыл толып отыр.

Осындай айтулы мерекеге қуаныштарын бірге бөлісуге музыка мектебіне өзіндік қол таңбасын қалдырған Қазақстанның әр аймағында жүрген бірқатар аға-апаларымыз

арнайы келді.

Мереке салтанатты түрде ашылып, халық залға лық толды. Көрермендердің көңіліне қуаныш ұялап, дән риза болды.

Аудан әкімі Ж.Қ.Таукенов мектеп ұжымын мерекелерімен құттықтап, оларға ризашылығын білдірді.

Ән кеші 2 бөлімнен болды. Алғашқы бөлімінде оркестрмен күмбірлеген күйлер ойналып, халық әні «Бипылды» А.Қабсалықова тамылжыта шырқады.

Е.Брусиловскийдің «Шолпанын» қобызшылар ансамблі орындаса, Н.Тілендиевтің «Туған ел» әнін Ә.Мұхамбетжанова шырқады.

Дуэт Белғажиналар «Ақ қайындарды» орындап, көрерменді серпілтіп тастады. Қ.Деріпсалдиннің «Ер Жәнібек» әнін Серік Бабахан орында-

са, Бүйректалдан келген домбырашылар ансамблі «Секіртпе» күйін күмбірлетті.

Аталмыш 2-ші бөлімде «Адай», «Желдірме» күйлері оркестрмен орындалса, жас әншіміз А.Садуақас «Аққу сезім» әнін тамылжыта орындады. Ж.Темірова өз шығармашылығынан «Ақ шагала», «Сол күндерді сағындым» әндерін орындады.

Сонымен қатар сиясы кеппеген «Қостанай» әні шырқалып, концерттің соңын Х.Мұсабаевтың сөзіне жазылған Ж.Темірованың «Туған жер» әнін барша өнерпаздар хормен аяқтады. Айтулы мереке ел көңілінен шықты деген сенімдеміз!

Әнет ЖҰМАБЕК
Суретте: мерекелік сәттен көрініс.



Ел ағасы, соғыс ардагері Бейсенбек Әбенәтін туғанына - 90 жыл

ЕЛ ҚАМЫН ЖЕГЕН ЕР ЕДІ

Сәбит ДОСАНОВ,

**М.Шолохов атындағы Халықаралық және
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік
сыйлықтарының лауреаты, Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері**

..Неге екенін білмеймін жақында ол менің түсіме енді. Құдды өңімдегідей. Жүзінен нұр төгіліп, маған мейірілене қарайды. Сәлем берейін десем, қуанғанымнан ба, дауысым шықпайды. Есесіне оның дауысы саңқ-саңқ етеді. «Сәбитжан, сен менің өзіне артқан үмітімді ақтадың!» - дейді.

Риза болғаным сондай, көңілім алып-ұшып оянып кеттім. Көздерімнен аққан жасқа ие бола алмадым.

Қайран, Бейсенбек нағашым!

Мен үшін басын тауға да, тасқа да соғып, қолынан келгеннің бәрін жасаған жайсаңым еді-ау! Әкешешемнен де бетер болып, туғанымнан тілегімді тілеп, азамат болып қалыптасуыма кім ондай ерекше ықпал етті?! Кім ондай жағдай жасады?! Неге екенін білмеймін, марқұм мен үшін неге де болса дайын еді.

Ол аяулы анам Мағрипаның соңынан ерген туған інісі еді, менің туған нағашым еді. Өмірімде дәл ондай нағашы бола білген жанды көрген емеспін. Дұрысында туған бауырымдай, ағамдай еді. Әкем мен шешемді керемет сыйлайтын. Аймұхан балаларының тұңғышы болғандықтан мен Бейсекеңе ерекше еркелеп, үйінде өстім. Оған қарап бой түзедім. Етек-жеңі кең, көңілі баладай, пейілі даладай кісі еді. 75-ке иек артқан осы жасым ішінде мен туған жерімде ондай білімді, парасатты, мінезге бай кісіні көрген жоқпын. Орыс тілін қайдан үйреніп, меңгергенін білмеймін, өте шебер сөйлейтін. Абайдың, Пушкиннің, Есениннің, Мандельштамның, Пастернактың, Ахматованың өлеңдерін және сол кезде жап-жас жігіт өзіміздің Олжас Сүлейменовтің «Адамға табын, жер енді» поэмасын жатқа оқитын. Нағашым осыбір қасиетімен қайран қалдыратын.

Ол кезінде Аманкелді аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, аудандық «Социалистік шаруа» газетінің жауапты редакторы, аудандық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары секілді қызметтерді үлкен абыроймен атқарды.

Білімділігі, тәжірибесінің молдығы сондай, ол Тың өлкесі кезінде өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Соколовты қатты сынға алды. Бейсенбектің сондағы құнарлы жерін жаппай жыртып, тозыншылыққа ұшырату дұрыс емес. Егін егуге лайықты жерлер ғылыми тұрғыда өбден зерттеліп, анықталуы керек. Ал сіздер мұны ескермей отырсыздар. Екіншіден, Қазақстан тыңын игеруге түрмеде отырғандар мен маскүнемдерді қапталып әкелдіңіздер. Олар біздің елімізге мәдениет пен инабат әкелудің орнына бұзақылық пен маскүнемдікті әкелді. Олар бұрын арақ ішуді қасірет деп білген қазақ халқына осы жаман әдеттерді үйретті. Сіздер осы жағын тереңірек ойлаңыздар. Егер мұндай өрескелдіктерге тивым салынбаса, оның

қазақтың елі мен жеріне жамандық әкелері сөзсіз. Сондықтан мен сізден біздің ұлттық менталитетімізге олардың зияны тимеуіне назар аударуыңызды сұраймын. Қазақ жері жамандықтың емес, жақсылықтың, цивилизацияның ұясына айналуы керек. Біз сізден осыны талап етеміз!» - деген сөздер болатын.

Белгілі жәйт, оның сөздерін Соколов ұнатпады. Өлкелік партия комитетінің пленумында үндемегенімен, кейін Бейсекеңді қырына алды. Аудандық атқару комитетінің төрағасы болғалы тұрған оны «Тасты» совхозына директоры етіп төмендеттіріп жіберді. Ұзамай Соколов өзі кетті. Ал Бейсекең болса «Тасты» совхозын тың жерден құрып, тасын өрге домалатты. Оның іскерлігін көрген аудан басшылары 1963 жылы ауданның қиыр шығысындағы Жыланшықта құрылғалы жатқан «Родник» совхозына тағы да директоры етіп жіберді. Ол мұнда да адам совхозды аз уақыттың ішінде тік тұрғызды. Бірақ, 1964 - Қоян жылының сұмдық қысы үлкен ауыртпалық әкелді. Жылқы қырылды. Аудан басшылары жаманды жасырудың орнына, оны үрлеп асырды. Айғай-шу облысқа, Қостанай облысының бетіне жан қаратпайтын бірінші басшысы А.М.Бородиннің өзіне жетті. Андрей Михайлович Бейсекең басқарып отырған «Родник» совхозына обкомның көшпелі бюросын өткізуді шешті. Сонымен олар ауданға, одан шалғайдағы «Родникке» ұшақпен ұшып келді. Қалыптасып отырған жағдайды көздерімен көрді. Атын ұмыттым, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының сол кездегі басшысы, орыс азаматы Бородинге: «Андрей Михайлович, жылқының қырылуына Бейсенбек Абенәтіннің ешқандай кінәсі жоқ. Бұл Құдайдан болған апат деп сұқ саусағымен аспанды, сосын үздіксіз жауған жаңбырдан мұз болып қатқан шөп басын көрсетеді. Обкомның былайғы бюро мүшелері де оның сөзін бірауыздан қолдайды. Ал Бородин болса біраз ойланyp, бұршақ болып қатқан өсіп тұрған шөп басын өз көзімен көріп, орынды айтылған жауапқа тоқтайды.

Енді Бородин Бейсекеңмен әңгімелеседі. Оның орыс тілінде өте шебер сөйлейтініне таң қалады. Ол түнде Бейсекең үйіне қонады. Екеуі түні бойы әңгімелесіп, рахат бір күй кешеді. Алыста жатқан совхоздың қарапайым директорынан мұндай білімдарлықты, жан тазалығын көрген А.М.Бородин танертенгі шай үстінде:

- Бейсенбек Абенәтін, екеуіміз дос болайық! Сен менен түп-тура 12 жас кіші екенсің. Жылдас екенбіз. Екеуіміздің дене бітіміміз де бірдей екен, кел, тондарымызды айырбастап кийік.

Менің тонымды киген сайын сен мені есіңе ал, сенің тоныңды киген сайын мен сені есіме алайын! - дейді.

Бейсекең оның сөзіне еш қарсылық білдірмейді.

- Андрей Михайлович, мұнының мен үшін өте қуанышты оқиға! Сізге қайдам, маған үлкен сенім ұялатады. Сіз сияқты биікке көтерілсек, несі айып?! - дейді.

- Құдай қаласа, сен обкомның бірінші хатшысы түгіл, Қазақстанның бірінші хатшысы болуға лайық қазақсың! - дейді Бородин.

Содан былай екеуі дос болып кетеді. Қызметінен босатамын, қатан жаза беремін деп келген обкомның бірінші хатшысының мына қылығы талайды естен тандыра жаздады.

Асыл әкем марқұм Аймұхан айтатын: «Сәбит, Аманкелдіге келген орыстың бәрі келесі күні Бейсенбек нағашыңмен құшақтасып бірге жүреді. Не пәлесі бар екенін білмеймін. Әйтеуір адам алуға мұндай шебер адамды көрмедім» - деп.

Расында қайран Бейсекем жаратылысы бөлек кісі еді. Ол адам баласымен ренжісу дегенді әсте білмейтін. Жұрттың бәрін бауырына тартатын. Достары өте көп болатын. Үйінен кісі үзілмейтін. Дастарханы жиылымтайтын.

Ол небәрі 39 жас жасады. Енді ойлап отырсам марқұм тіптен қыршып кеткен екен. Осы 39 жылдың 4 жылға жуық уақыты Ұлы Отан соғысында өтті. Ол соғыста ерліктің сан рет тамаша үлгісін көрсеткен. Өткен, сол ерліктері еленбей қалған.

Ол аудандық атқару комитетінде төрағаның орынбасары болып жүрген кезінде сессиялар мен пленумдарда, басқа да жиналыстарда сөйлейтін сөзін өзі жазатын. Орысша сөйлеу керек болса, орыс тілінде жазып шығатын. Қарауындағы қызметкерлерге баяндамды жазып бер деп салмақ салмайтын. Қазір ойлап отырсам, оның бұл қасиетінің өзі қазіргі билікте жүрген жас азаматтарға тамаша өнеге екен ғой.

..Әлі есімде, 1965 жылдың қаңтар (январь) айының 4 жұлдызынан 5-ші жұлдызына қараған түн. Біз Бейсекең екеуіміз Өскеменнен Алматыға бірге ұшып келе жатқанбыз. Салонда 78 адам болдық. Менің орным 77-ші орын еді. Бейсекең 73-ші орында отырған. Ойымызда ештеңе жоқ. Шығыс Қазақстан облыстық атқару комитетінің төрағасы, досы Бәкіжан Төртқаринге бір шаруамен барған едік. Ұшағымыз Алматыға қонуға таяп қалған. Кенет жантүршігерлік салдыр-күлдір болды. Ар жағын білмеймін. Көзімді ашсам жерде жатыр екенмін. Қасымда дәрігерлер мен медбикелер және үкімет адамдары жүр.

- Тірімісіз? - дейді.

Басымды изеймін. Дауы-

сым шықпайды. Естанды халдемін. Есімді ауруханада жиганда аузымнан бірінші шыққан сөз:

- Бейсенбек Әбенәт деген кісі аман ба? - деген екенмін...

Олар болса үндемеді. Менің сөзімді естімеген кейіп танытты. Ал мен болсам қайтадан естен танып, жатып қалыппын. Егер нансаңыздар, сол 78 жолаушыдан жалғыз аман қалған 77-ші жолаушы мен екенмін. Жұрт «Сәбитпен бірге бір орыс кемпірі аман қалыпты» деп қауесет таратып жүрген көрінеді. Ол өтірік. Аллатағаланың ерекше алқауымен жалғыз аман қалған мен ғана. Мен сонда 24 жаста едім. Мүшелден шығуыма небәрі 7 күн ғана қалған. Сөйтіп мен 25 жасқа толған туған күнім - 12 қаңтарды Алматыдағы Үкіметтік аурухана төсегінде, өлі мен тірінің арасында қарсы алдым. Есімді жиган соң көпке дейін нағашымды ойлап, еңіреп жылаумен болдым... Бұл - мен көрген ең алғашқы сойқан апат болатын. Бұдан кейін де 6 рет ажалдан қалдым. Сол соккыдан кейін көрген сұмдық соккым ол - жанымнан артық көретін кенже ұлым Даниярымнан айрылу болды. Мен Бейсекеңнен айрылған соккыны аспанда көрсем, Даниярымнан айрылған алапатты қара жердің үстінде көрдім.

Бірі - туған нағашым еді...

Бірі - туған балам еді...

Жан басқа болған соң сүйретіліп, жүріп жатқан жайым бар...

Адамның қолынан ажалға қарсы не келеді...?

Алланың дегені болады.

Мен алғаш Бейсекемнен айрылғанымда қасымда әке-шешем бар еді. Солар сүйеу болды. Соларды арқа тұттым.

Ал Даниярымнан айрылғанымда қасымда аяулы жарым, қазақтың қайраткер қызы Құралайым мен сүйенішім, жанбауырым Ғабитім мен келінім Жанна болды, халқым болды. Елімнің асыл тұлғалары болды. Даниярымнан айрылу - менің өмірімді мүлде басқа арнаға салды. Бұл қайғыны ешкімнің басына бермесін - деп тілеймін.

Бұл күнде Иманжүсіп атамыз айтқандай «Сыртым - сау, ішім - ауру». Ойымнан Даниярыммен қатар Бейсекем де бір шықпайды. Оны қалай ұмытармын?

Қайран, Бейсекем! Менің ғана емес, елінің маңдайына сыймай 39 жасында қуырықты жұлдыздай ағып түскен нар тұлғалы нағашым!

Аллатағала иманыңнан жарылқасын! Саған қазір де жаратқан иемізден о дүниенің барлық жақсылығын тілеуден жалықпаспын. Сен қайтыс болғалы да 50 жыл болғалы тұр. Осы 50 жылда еліңнің де, менің де басымыздан көптеген жайлар өтті. Бірақ елің де, біз де сені ұмытқан жоқпыз! Әрқашан жадымыздың! Өз басым саған еліктеп өстім. Қолымнан келгенше өзін сияқты еліңнің адал перзенті болуға тырыстым. Біз өз ұрпақтарымызмен қатар сені ешқашан есімізден шығармай, қашан бұл дүниеден өткенше ардақтап өтетін боламыз. Сенің еліңе сіңірген еңбегіңді Аманкелді ауданының халқы әрдайым құрмет тұтады деп сенемін.



МАЙДАНҒЕР МІНЕГІ

Ауданымыз бойынша қазір екі ғана соғыс ардагері қалғанын аманкелділіктер жақсы біледі. Бұл кісілердің екеуі де құрдас. 1926 жылы туғандар. Осы екеудің бірі - егіздің сыңары Ертай Мұқанұлы. Өзінің айтуынша өмір бойы мал бағып, зейнеткерлікке шыққан. Әңгімелесе қалып, жағдай сұрасаң, ойланбастан:

- Тамаша! - дейді.

Содан да жерлестері оны «Тамаша» атап кеткен.

- Мен, - дейді Ерекең,

- өмірі көрмеген қызық пен жақсылықты еліміз Тәуелсіздігін алғаннан былай көріп келемін. Мемлекетіме, Президентім Нұрсұлтан Назарбаевқа және аудан, облыс басшыларына шексіз ризамын! Кешегі жалбыр тонды, жарғақ жалбағайлы Ертайды мұндай бақытқа кенеледі деп кім ойлаған?! Мемлекетім маған мол жақсылық жасап отыр. Соғысқа қатыстың деп мол пенсия берді. От жағып, күл шығармайсың деп - өзі жылитын әдемі үш бөлмелі үй берді. Жыл сайын курорт, санаториге тегін жолдама береді. Жеңіс күні, Қарттар күні жасап жатқан жақсылықтар да қанша ма?! Түк сауаты жоқ, жетім-жарлы өсіп, бейнеттен белі босамаған Ертай пенсияға шығып, 30 жылдан бері Тәуелсіздік алғалы 23 жылдан бері рахатқа кенелуде. Мемлекетіме айтар алғысымды сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Қазақстанда Елбасыма шексіз риза бір соғыс ардагері болса, ол - менмін! Аллатағалаға шексіз шүкіршілік! Ондай әділ, ондай мейірімді ешкім де жоқ! 60 жыл өмірі еңбекпен өткен мені аяп, ұзақ та қызықты ғұмыр берді.

Тәуелсіздіктің дәмін татып, дәуренін сүріп жатырмын. Менің жас ұрпаққа айтарым: «Сендер тәртіпті, адал, абыройлы азамат болыңдар! Ерінбей еңбек етіңдер! Бос жүргендерің ата-бабамыздың ардақты кәсібі - төрт түлікті бағып, оның қызығын көріңдер! Еңбексіз, бейнетсіз - ешқандай жақсылық болмайды. Мен 10 жасымынан бастап колхоздың қозысын бақтым. 16 жасымынан қой бақтым. Одан 18 жасыма соғысқа бардым. Тірі қаламын дегенім жоқ. Бірақ Аллатағала мені жауып тұрған оқтан, жанып жатқан оттан сақтады. Жеңіс күнін Берлинде қарсы алдым. Халық қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевпен бір ротада болдым. Оның Рейхстаг қабырғасына Туды қалай тіккенін көзіммен көру бақытына ие болдым.

Қазір заман басқа! Өмір мүлдем өзгеріп кеткен. Қайран қаламын. Мұнан артық қандай жақсылық болуы мүмкін?! Жер бетіндегі жұмағың осы емес пе?!

Біздің Қазақстанымыздың гүлденіп дамуы - әуелі Алланың, сосын кеменгер Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың арқасы! Кеше

Жолдауын тыңдадым. Не деген көргендік?! Не деген данышпандық?! Халқын әлемдік дағдарыстан алып шығудың жолдарын қалай дәл белгілеген. Кезінде ақын Ғафу Қайырбековтің «Біздің Елбасы тек Қазақстанды ғана емес, бүкіл әлемді де жақсы басқара алады» деген еді. Осыбір асыл сөздің шындыққа айналғанын да көзімізбен көріп отырмыз. Қазір әлемдегі барлық Президенттер біздің Нұрекеңнің



ақыл-парасатымен, ел басқару өнерімен санасады. Оның бүкіл Түркі әлемінің басын қосып, керемет істерге басшы болуының нәтижелері қандай десеніңіз?! Айтыңдаршы, Нұрекеңдей олардың басын кім қосты?! Нұрекең - Алланың назары ерекше түскен тарихи тұлға! Ол - Алаш көсемдерінің армандарын жүзеге асырушы! Қазақ халқы ХХІ ғасырда - ұлы жетістіктер күтіп тұр! Елбасының былғы «НҰРЛЫ ЖОЛ - БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛ!» атты Жолдауын балаларыма оқытып, тыңдап, онда айтылған аталы сөздерге, асыл іс-шараларға қанық болып, бір жасап қалдым! Менің осы сөзімді аудандық «Аманкелді арайы» газеті арқылы ауданымыздың барша халқы білсін! Негізгі қашанда жақсы сөз, жақсы тілек айту керек. Сонда жақсылық болады. Елге жақсылық береді. Жамандық ойласаң, жамандық береді. Сондықтан, Нұрсұлтан Президент айтқандай, біздер қазақтар, қазақстандықтар тек қана жақсылық тілеп, жақсы істерге ұмтылайық! - деді Ерекең ағынан ақтарылып, шабыттана шешіліп.

- Пәлі, Ереке! Бүгін ерекше қуаныш үстінде екенсің! - дестік біз.

- Ай, осы сендер қызықсыңдар! Мен неге қуанбайын?! Елбасымыз өзінің жана Жолдауын - Президент күні Тәуелсіздік күні және Жаңа Жыл мерекесі қарсаңында жолдап, халқын жігерлендіріп жатқан жоқ па?! Мен ол кісінің осы Жолдаудың соңында айтқан «Қазақстан, тек қана алға!» деген сөзін алға тартамын. Қазақстан тек қана алға баса берсін! Түбі көресіндер, Қазақстан бүкіл әлемде алғы орындардың біріне шығады! Сонда «Ертай атамыз баяғыда осылай деген екен» деп айтасыңдар! - дейді Ерекең.

Біз қарияға риза болып: - Айтқаныңыз, келсін, Ер-аға! - дестік.

- Иллаһи әмин! - деді Ерекең.

Ия, соғыс және еңбек ардагері Ертай Мұқанұлының бұл толғанысы - барша аманкелділіктердің де тілегі екені анық.

Сырым СЫҒАЙ.
Суретте: соғыс және еңбек ардагері Ертай Мұқанұлы.



Оқырман сұранымына орай

ТОҚТАР БАТЫР

«АА» газетінің редакциясына А.Нұрахмет деген баладан хат келді. Ол өз хатында Токтар Әубәкіровтің қандай ерлік жасағанын білгім келеді деген екен. «Жұрттың көбі оны батыр дейді. Бірақ қандай батырлық жасағаны туралы нақты айтпайды» - депті.

Біз бүгін оның өтінішін аяқсыз қалдырмас үшін КССР-дің батыры, Қазақстанның Халық Қаһарманы Токтар батыр туралы қалам тербегенді жөн көрдік.

Негізі әр дәуірдің - өз батырлары болады. «Заманына қарай – адамы» деп дана халқымыз бекер айтпаған.

Токтар Әубәкірұлы – екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейінгі бейбіт жылда туған алғашқы төлдердің бірі. Ол өмірге Қаздауысты Қазыбек би секілді ұлы тұлғаның атамекені қасиетті Қарқаралыда 1946 жылы туған. Алайда ол жастайынан Теміртауда еңбек етті. Қалың орыстың арасында өсті. Сондықтан да орыс тілін өте жақсы меңгеріп алды. Ол әке-шешесінің жастай қайтыс болған тоғыз ұлынан кейін туған ұл болды. Тоғыз ұлдан айрылған ата-ана оның атын ырымдап Токтар деп қояды. Көп жылаған әке-шешесінің ақ тілектері қабыл болып, Токтардың өмірі жалғаса береді. Бетінен қақпай өсіреді.

Ол бала кезінде ұшқыш болуды армандайды. Бірақ ол жолға түсу оңайға соқпайды. Дегенмен, талабы тас жарған ол әскери училищені бітіргесін Қиыр Шығыстағы Амурдағы Комсомольск қаласында әскери қызметін жалғастырады. Төрт жылдай «СУ-15» ұшағында ұшып, өзінің үздік қабілетін көрсетеді. Нәтижесінде, «**Қиыр Шығыстың Ең үздік ұшқышы**» атағын иемденеді.

Бақытына қарай осында жүріп «МиГ» фирмасының атакты сынақшы-ұшқышы Совет Одағының Батыры А.Федотовпен кездесіп, пікірлескен соң «сынақшы-ұшқыш» болуға бекінеді де, «сынақшы-ұшқыштар» мектебіне оқуға сұранады. Бірнеше рет сұранса да ұлыорыстық шовинизмге берілген ұлт өкілдері Токтарды оқуға қабылдамайды. Түрлі сылтаулар айтып, жолын бөгейді. Алған бетінен қайтпайтын Токтар Қазақстанның сол кездегі басшысы Д.А.Қонаевқа хат жазады. Хатында: «**Мен, Токтар Әубәкіров, аға лейтенантпын. «сынақшы-ұшқыш» болғым келеді. Оған денсаулығым да, білімім де жетеді. Барлық сынақты ойдағыдай тапсырдым. Бірақ Қорғаныс Министрлігі мені жіберетін емес. Қазақтың бір баласы «сынақшы-ұшқыш» болса, несі жаман? Маған қол ұшын беріңіз!...**» дейді.

Бұл хат Д.А.Қонаевқа қатты әсер етеді. Одақта беделі зор және СССР-дің басшысы Л.И.Брежневпен дос болған ол сол сәтте СССР Қорғаныс Министрі Л.Гречкоға Токтар Әубәкіров деген қазақтың үздік ұшқыш жас жігітін «сынақшы-ұшқыштыққа» қабылдатуды сұрайды. Ол сөз айтпайды. Сөйтіп, А.Гречконың тікелей араласуымен Токтар Мәскеудегі «МиГ» авиация фирмасына ауыстырылады. Осылайша, оның «МиГ-23»-тен басталған сынақтары «МиГ-29»-да жалғастады. Ол осы сынақтарды қазақ деген ұлттың ұлылығы мен ұлағатын, ар-намысының биіктігін, ересен ерлігін көрсете білді. Керек десеніз – оған шекесінен қарап, менсінбей келген орыс авиациясының генералдары қайран қалды. Оның үздіктігін еріксіз мойындады. Өйткені бұл кезде оған тең келетін орыс ұшқышы болмады. Бұл жәйт орыстардың ашу-ызасын, іштарлығын оятты. Бірақ бәрібір Токтарға тең келетін бірде-бір ұшқыштары болмады.

Енді Токтардың жасаған ерлігіне келсек, **1988 жылы Токтар ССР тарихында тұңғыш рет жерге қонбай, әуе кеңістігінде ұшаққа 2 мәрте жанармай құйдыру арқылы Солтүстік полюске ұшу сапарын ерекше ерлікпен орындады. Оны айтасаңыз, реактивті ұшақтардың 50-ден аса жана түрлерін сынақтан өте сәтті өткізді.**

Сол уақытта ССРО-дің Басшысы М.С.Горбачев Саяси Бюро мәжілісінде алып елдің бас конструкторы Р.Беляковқа: - **Біз қазір орыс әуе флотының тарихын жазып жатырмыз. Бірақ ертең әлемдік авиацияда тұңғыш рет әскери кемеге ұшақ қондырып, ұшыруға «МиГ» фирмасы сынақшыларының арасынан бір орыс фамилиясы неге табылмады?** - дейді.

Сонда Беляков сескенбестен:

- **Егер біз орыстың әуе флотының тарихы қанмен жазылмасын десек, бұл ұшақты крейсеге 1-ші сыныпты ұшқыш Токтар Әубәкіров қана қондыра алады. Менің мұнан басқа айтарым жоқ!** - деп жауап береді.

Бұл – нені көрсетеді? Әрине, сол жылдарда алып ел СССР-де Токтардай үздік сынақшы-ұшқыш болмағанын көрсетеді. Ең бастысы – жайшылықты кеудесін ұратын орыс халқы арасынан оған тең келетін бір ұшқыштың болмағанын айғақтайды.

(Токтар Әубәкірұлы паспортта Оңғарбайұлы болып

жазылғанымен, өзінің айтуынша туған әкесі Әубәкір екен. Негізі ол Токтар Әубәкірұлы Оңғарбаев болып жазылуы керек екен).

1989 жылдың 1 қарашасы күні бірінші болып авиатасушы крейсердің алаңқайына «МиГ-29» реактивті ұшағын шеберлікпен дәл қондырып, бүкіл СССР-ді таңқалдырды. Осы еңбегі үшін «Гиннестің рекордтар кітабына» енді. Оның бұл ерлігі – таңғажайып шеберліктің өзі еді. Өйткені, ол ұшақты көзді ашып-жұмғанша қондырып, қайта ұшып шықты. Бұлай істеуге басқа ұшқыштардың бірде-бірінің жүрегі дауаламаған еді.

Токтар Әубәкіровке 1988 жылы 31 қазанда «Советтер Одағының Батыры» атағы берілді. Ал 1989 жылғы ерен ерлігіне бұл атақ берілмеді. Себебі, СССР басшылығы бұл атакты екінші рет беруді қимады. Ұлтшылдықтары жібермеді. Әйтпесе, осы ерлігі үшін оған Батыр атағын екінші рет берулері керек еді.

Білетіндердің айтуынша А.И.Микоян атындағы авиаконструкторлар бюросының құжаттарында бұрынғы СССР-дің аса құпиялы **26 «сынақшы-ұшқыштардың»** тізімі бар екен. Солардың 9-ы сынақ кезінде апатқа ұшыраған. Аман қалғандары түгел СССР Батыры атағын алған. **Солардың арасында – қазақтан Токтар жалғыз тұр.**

АҚШ-тың астанасы Вашингтондағы Дүниежүзілік авиация музейінде әлемдік авиацияға еңбегі сіңген, адамзат тарихындағы ең таңдаулы **10 азаматтың аты-жөні мәңгілікке алтын әріптермен құйылып жазылды.** Жаһандық деңгейде әлденеше рет сүзгіден өткізілген сол тізімде қазақтың ешбір батырға ұқсамайтын таңғажайып батыр перзенті **Токтар Әубәкіровтің есімі 3-ші болып жазылды.**

СССР-дің тарихында 1978 жылы болған ұшақ ұрлау оқиғасы туралы аз жазылған жоқ. «МиГ» ұшағын осы жылы Белеңко деген тыңшы ұрлап әкетіп, Жапонияға қондырады.

Американдықтар осы ұшақтың бар құпиясын біліп алады. Дерек ұшақтың кодын өзгерту міндеттеледі. СССР басшылығының және генералитетінің берекесі кетеді. Ұйқы-күлкіден айырылады. Олар қайта-қайта ақылдаса, кеңесе келе амалсыздан қауіптілігі шексіз осы міндетті **Токтар Әубәкіровке тапсыруға бірауыздан шешім жасайды. 15 республика бойынша алғанда бұл міндетті орындап шығатын басқа сынақшы-ұшқыш болмады.**

Ал Токтар болса Бақ штабтың тапсырмасын мүлтіксіз орындап шығады. Америка бастаған бүкіл Европаның аузына құм құйылады.

Токтар Әубәкіров СССР-дің абыройын аспанға шығарады. Амал не, оған осы ерлігі үшін 3-ші рет беруге тиіс «Советтер Одағының Батыры» атағы тағы да берілмейді. Егер оның орнында орыс ұшқышы болса, сол атақ оған сөз айтпастан берілетін еді.

Токтардың келесі ерлігі – 1991 жылдың 2 қазаны күні жасалғанын қаз басқан қазақ баласы жақсы біледі деп есептейміз. **Бұл – оның Байқонырдан тұңғыш Қазақ ғарышкері болып ғарышқа ұшуы еді.** Осы күні қуанбаған, қуанғаннан көзіне жас алып, жан әлемі тебіренбеген қазақ жоқ болар. Ю.Гагарин 1961 жылы 12 сәуірде ғарышқа алғаш ұшқанда СССР халқы қалай қуанса, 30 жылдан соң 1991 жылдың 2 қазаны күні Токтар ғарышқа ұшқанда Қазақ халқы сол күнді өз басынан кешірді. Осы ерлігі үшін Қазақ Советтік Социалистік революциясының құрметі үшін Тоқана 5-ші рет Советтер Одағы Батыры атағы берілуі керек еді. Өркөкірек СССР басшылығы өзінің нағыз бет-бейнесін, іштарлығы мен күншілдігін тағы да көрсетіп, Токтар ағамызға Батырлық атакты қимады.

Тұңғыш Қазақ ғарышкері ғарыш кеңістігінде 7 күн, 22 сағат, 12 минут, 40 секунд болды!

Токтардың ғарышкерлік бақыты мен жеткен жетістігі қаншалықты қадірлі болғанымен адами тағдыры күрделі болды. Оны тек орыстар ғана емес, қазақтардың өздері көре алмайтын жағдайлар кездесті. Талайлар қызғаныштың қызыл итіне айналды.

Бірақ Тоқан оған бола еліне ренжіген емес.

Қалай десек те Аллатағала оның маңдайына тұңғыш атауды жазды.

Токтар – қазақтың тұңғыш ғарышкері!

Токтар – қазақтың ешкімге ұқсамаған тұңғыш Батыры!

Ол өз ерлігін аспанда да, ғарышта да жасап берді!

Токтар – ісі Түркі әлемінің тұңғыш ғарышкері!

Токтар – барша мұсылман әлемнің де тұңғыш ғарышкері!

Токтарға – түркі әлемінде болсын, қазақ елінде болсын бірде-бір ғарышкер теңесе алмайды!

Ол – тұңғыш! Ал тұңғыштың аты – қашан да – тұңғыш!

Ол – қазақ халқының қандай ұлт екенін XX ғасырдың аяғында дәлелдеді. Егер Алаш арыстары осы ұлттың ұлылығын XX ғасырдың басында қалай дәлелдесе, Токтар да сол деңгейде дәлелдеді деуге болады.

Токтар ағаның 7-ші ерлігі – арамызда Аллатағала сыйлаған қарапайым қалпын сақтап, кеудесін кермей, бар қазақтың өзіндей болып асып-таспай, абыржып-саспай, тектілігін таньтудан танбай тура жүріп келе жатқаны!

Міне, Токтар Әубәкіровтің ерліктері осындай.

Д.ДӘУҒАРИН.

РЕСПУБЛИКА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ЕЛБАСЫНЫҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Астана. 13 қараша. Baq.kz – Отырыста Қазақстандағы санитариялық-эпидемиологиялық жағдай қаралды. Бұл тақырыптың өзектілігін бірқатар фактор, соның ішінде әлемдегі Эбола вирусының таралуына байланысты оқиғалар көрсетіп отыр. Бұл жайында Ақорданың баспасөз қызметі хабарлайды.

Отырысты ашқан Қазақстан Президенті халық денсаулығын қорғауды тиімді қамтамасыз ету мемлекеттің басымдығы бар міндеттерінің бірі саналатынына тоқталды. – Елімізде жұқпалы, соның ішінде әлеуметтік аурулардың, сондай-ақ сібір жарасы мен бруцеллезді қоса алғанда, жануарлардың қауіпті ауруларының ошақтары бар. Сонымен бірге, Эбола вирусының таралуы секілді сыртқы қатерлер де ұлғаюда. Тұрғындарды түрлі жұқпалардан қорғау мәселесіне жіті назар аударып, тиісті шаралар қабылдау қажет. Мемлекеттік органдардың жауапкершілігін нақты айқындап, олардың іс-қимылдарын үйлестіруді қамтамасыз еткен жөн, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Бұл ретте Мемлекет басшысы қазіргі қалыптасқан жақсы ахуал арқаны кенге салуға себеп болмауы тиістігін, өйткені әлемге есігі ашық Қазақстанның кең ауқымды сауда-экономикалық байланыстары, азаматтардың барыс-келістері елімізге қатерлі жұқпалардың келу қаупін жокқа шығармайтынын атап өтті.

Туберкулезбен сиректану деңгейін төмендету жөнінде қабылдаған шараларға қарамастан, бұл ауру бұрынғысынан мемлекеттік деңгейде көңіл бөлуі қажет етеді. Осыған орай, туберкулезбен ауырудың барлық оқиғаларын толық анықтауды қамтамасыз ету және жасырып қалу фактілерін қатаң жазалаудың маңыздылығы айтылды.

Қазақстан Президенті көршілес елдермен және Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен өзара іс-қимылды және трансшекаралық қауіптер мен биологиялық қатерлер туралы ақпарат алмасуды жандандыру жөнінде міндет қойды.

Нұрсұлтан Назарбаев денсаулық сақтау және әлеуметтік даму, ауыл шаруашылығы, білім және ғылым, ұлттық экономика министрліктерінің ведомство аясындағы мекемелерінде жұқпалы ауруларға қарсы тұру тақырыбы бойынша жүргізілетін ғылыми зерттеулерді үйлестіруді жұмыстың маңызды бағыты ретінде атады. Болашақта қазақстандық ғалымдардың әзірленімдері негізінде өзіміздің диагностикалық құралдар мен дәрілік препараттардың өндірісін жолға қою қажет.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы қауіпті аурулар тұрғысынан қолайсыз елдерге іскерлік және жеке мәселелермен шығатын Қазақстан азаматтарын сақтану шаралары туралы ақпараттандыруды тапсырды.

Отырыс барысында баяндама жасаған Ұлттық экономика министрі Е.Досаев пен Ауыл шаруашылығы министрі А.Мамытбеков елдегі эпидемиология және эпизоотиялық ахуал жалпы алғанда тұрақты екенін айтты. 2002-2014 жылдары тіркелген оба, тырысқақ, сібір жарасы, конго-қырым безгегі секілді аса қауіпті жұқпалар іс жүзінде бірен-саран сипатта болды.

Сонында Мемлекет басшысы аталған мәселелер бойынша барлық бағдарламалық құжаттар қабылданғанын, сондықтан оларды уақытылы және сапалы жүзеге асыру Үкімет пен атқарушы биліктің жергілікті органдарының маңызды міндеті болып саналатынын айтты.

ҚАЗАҚСТАНДА БИЗНЕСКЕ КЕДЕРГІ КЕЛТІРГЕН 30-ҒА ТАРТА ШЕНЕУНІКТІҢ АТЫ-ЖӨНІ ЖАРИЯЛАНАДЫ

Ұлттық кәсіпкерлер палатасы бизнеске кедергі келтірген 30-ға тарта шенеуніктердің аты-жөнін тиісті мемлекеттік органдардың тексерісінен кейін жариялайтын болады. Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифинг барысында Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Баскарма төрағасы Абылай Мырзахметов осылай мәлім етті

Бұл туралы Қазақпарат хабарлайды.

Токтала кететін жайт, бұған дейін де Ұлттық кәсіпкерлер палатасы бизнеске кедергі келтіріп жатқан шенеуніктерге сын айтып, кәсіпкерлікке кесірін тигізіп отырған тағы бірқатар лауазымды тұлғалардың есімдерін жариялау уәде етілген еді. Осыған орай, брифинг барысында қойылған сауалға Абылай Мырзахметов мырза жауап берген болатын.

«Біз осы қарқынымыздан еш тайынбаймыз. Кәсіпкерлердің мүддесін қорғау кеңесі нақты жұмыс жасайды, келесі аптада Таразда отырыс өтеді. Жылдың аяғына дейін барлық облыстарда осындай кеңестер өтіп, оларда кәсіпкерлерді толандыратын мәселелердің бәрі көтеріледі, нақты кедергі жасап отырған шенеуніктердің аты-жөні де жасала береді. Алматы облысында өткен отырыста да 4-5 мекеме басшысының аты аталып, облыстық прокуратура біздің арызымыз бойынша тексерулер жүргізіп жатыр», — дейді Ахмет Мырзахметов.

Сонымен қатар, ҰКП баскарма төрағасы кәсіпкерлікке кедергі келтіріп отырған 30-ға тарта шенеуніктің аты-жөні бар екенін атап өтті. Оның айтуынша, палата әзірше ондай тұлғалардың аттарын БАҚ-та жариялай алмайды.

«Өйткені, ол азаматтардың да құқығы бар, соттың шешімі, лауазымды органдардың тексерісі шықпастан олардың атын атап, түсін түстеу жарамайды. Дегенмен, біз мемлекеттік қызмет істерімен айналысатын жаңадан құрылған агенттікке де, прокуратураға да ол шенеуніктердің аты-жөнін ұсындық. Осы бағыттағы тексерістерден кейін біз оларды жариялай аламыз», — деді Мырзахметов.

ҒАЖАЙЫП БІР СЕЗІМНІҢ ҚҰШАҒЫНДА

Айтбай СӘУЛЕБЕК,

«ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқармасы Төрағасының кеңесшісі, Қазақстан Республикасы
Президенті және Қазақстан Журналистер Одағы сыйлықтарының лауреаты



СЫР СҰЛУЫ

Сыр сұлуы назданып, еркелетті,
Ыстық сезім жанымды өртеп өтті.
Маған бақыт құс болып ерте келді,
Амалым не, бірақта ерте кетті.

Кетті менен, білмеймін, жерінді ме?
Әлде ұшпақ таппасын сезінді ме?
Содан бері бір топ құс ұшып өтті,
Енді ғана бастап ем, көзімді іле.

Құйттай кеудем құс болып шырылдады,
Мұндай сұмдық көрмеп ем бұрындары.
Бір сұлудың бағына конбақшы еді,
Бірақ ол да артына бұрылмады.

Бұрылмады,
Қолын да бұлғамады,
Сыңғырлаумен барады сырғалары,
Ал мен болсам ішімнен жылап келем,
Алынбағансәбидей құндағы әлі.

Түсінгім де келмейді, ұғынғым да,
Бар үмітім – ерттеулі құлын-жырда.
Осылайша өлеңге ғашық болдым,
Бір сұлуға ынтығып, ұрындым да.

ҚҰШТАРЛЫҚ

Сені көріп, еріксіз бұрылып ем,
Жанарыңнан жұмбақ бір сыр ұғып ем.
Мені тәтті ойларға бөлеп жүрсің,
Сезімімді оятқан қылығыңмен.

Махаббат, ол – сөнбейтін сезім бе еді?
Ұшқындардан от алам көзіңдегі.
Өліп-өшіп сүйоге, өргенуге,
Құштарлыққа үйретгің өзің мені.

Сенсіз, жаным,
Қайтер ем, не істер едім?
Мұндай сезім басымнан кешпеп едім.

Шебер жандай өлеңмен тоқып жүрмін
Өмірімнің өрнекті кестелерін.

СЕНІ ІЗДЕЙМІН

Сиқырлы бір сезімнің құшағында
Қиялыммен алысқа ұшамын да,
Сені аңсаймын, ұмытып тіпті кейде
«Ажал» атты тағдырдың пышағын да.

Мені іздеймін вокзалдың бастарынан,
От боп жанған сезімнің астарынан,
Тек екеуміз білетін
Құпия әлем –
Махаббаттың іздеймін аспанынан.

Автобуска көз салам, көрем бе деп,
Ыстық көңілім мазалап, елеңдемек,
Ыстық сезім өзінді көрген сайын
Жүрегімнің түбіне тереңдемек.

Ғажайып бір сезімнің құшағында
Қиялыммен алысқа ұшамын да.
Сені сүйіп тұрғанда, өлмес едім
«Ажал» атты тағдырдың пышағында.

СӘТСІЗДІК

Көзімше сүйді-ау
Сол жігіт сені, көзімше,
Сыртыңнан саған ие боп жүрсем өзімше.
Қиынның да қиыны екен,
Жүрегін

«Сүйдім» деп жүрген қызынан
мүлдем безінсе.
Көзімше сүйді-ау сол жігіт сені, көзімше.

Жарылмай неге жатырсың,
сорлы жүрегім,

Келмейді-ау ұйқы,
Көзімді зорға ілемін,
Жете алмай жүрген биігіме
Шыққан біреудің
Аяғының астында қалды-ау тілегім.
Жарылмай неге жатырсың,
сорлы жүрегім...

СЕН СЫЙЛАСАҢ

Сенің көзің – түпсіз терең, тұңғиық,
Құдай өзі қойды ма екен нұр құйып.
Адал оймен тура қарай алмаған
Қаншама еркек құлады екен қылжиып.

Сенің ернің – балдай тәтті, шекер-ақ,
«Қарсыласым көп-ау» деймін секем ап.
Шыдамсызбын, мақтаса да жұрт мені:
«Осы жігіт сезіміне бекем-ақ».

Сенің шашың – шаш емес, ол – мақпал-ды,
Кім жек көрсін сипап оны жатқанды.
Хош иісті құшағыңды армандап,
Қаншама жан саған сырын ақтарды.

Сенің күлкің – күлкі емес, ол – бұлақ қой!
Тентек болсам, құлағымды бұрап қой.
«Өлтіремін» деген үнің тым нәзік,
Мен өлгенде, есіңе ал да, жылап қой.

Сенің жүзің – ажарлы һәм көркемді!
Сорлы жүрек қаншама рет өртенді?
Бір сен үшін бәрі-бәрін ұмытты,
Ойламастан қонар бақты ертеңгі.

Кеш таныстық, кеш табыстық, білем мен,
Шайдай аштың көңілімді түнерген,
Қос шаһарды бір сұлудың меңіне
Хафиз шайыр айырбастап жіберген.

Кешір, жүрсем, жүрегінді жаралап,
Пейіш – сенсің!
Сенсің маған – саябақ!
Сен сыйласаң, теңдесі жоқ сезімді
Өтер едім өлгенімше мәпелеп.

ҒАШЫҚ ЕМ

Өткір едің, қылыштайын қырқатын,
Сен күлгенде, жазылатын сырқатым.

Нәзік едің,
Әдемі едің,
Көрікті ең,
Тіл қаға алмай, сорлап қалған бөрікті ем.

Ақ дидарың ақылына сайма-сай,
(Сенің көзің – қайғы-дертім, ол – бір ай!)

Аққу едің,
Пәк жүректі, гүл-көңіл,
Сен жүргенде, жайнаушы еді бұл өңір...

БІРІ ҒАНА ШЫҒАРМЫН

Саған мені қай Құдай кезіктірген,
Бір үміттің туарын сезіп, білгем.
Сені сүйген сезімнің сағынышы
Жүрегімді барады езіп мүлдем.

Саған мені қай Құдай теліп қойған,
Таусылмапты-ау әлі де желік-қоймам.
Қиялымда – үлде мен бүлдеге орап,
Әсем жырмен шашыңды өріп қойғам.

Маған мені қай Құдай жолықтырған,
(Жағдайым жоқ менің де оңып тұрған.)
Бәлкім, бірі шығармын жігіттердің
Тек өзінді сүйетін болып туған.

КЕТКЕНІҢ БЕ?

Шыныменен қайрылмай кеткенің бе?
Өкпем өшіп, соңыңнан жеткенімде.
Әлде мүлдем байқамай қалдым ба екен,
Махаббаттың жылыстап өткенін де.

Жырларымды білмедім, күлерімді,
Естігенде ең соңғы тілегінді,
Сол сөздерің жаныштап жатыр әлі
Менің нәзік, бейкүнә жүрегімді.

Саған еріп кеткендей бар арманым,
Тұрдым үнсіз, соңыңнан бара алмадым.
Ұқтым сонда аққудай пәк жаныңның
Сұлулық пен қайғыдан жаралғанын.

Шыдай алмай, сезімнің ұшқындары
Жыр-кеудеме еніп ап, сыпсыңдады.
... Ал сәлден соң пыр-пырлап ұшып
жатты
Шаттығыма жиналған құстың бәрі...

СҰЛУЛЫҚ

Әні де әсем, тұлғасы, өзі де әсем,
Мөлдіреген ботадай көзі де әсем.
Қызыл тілде шама жоқ суреттеуге,
Өттең, әттең... бұлайша сөз қылмас ем.

Бейне бір жайнап гүл сияқты,
Лебізі жарқыраған нұр сияқты,
Жүрегі неткен жұмсақ,
Неткен нәзік,
Шапағын шашып тұрған Күн сияқты.

Қызыл тіл!
Сайра, сайра, сал, күшінді,
Кейіннен мол аларсың алғысыңды,
Жұмыр бас, Сұлулыққа ізет білдір,
Қоя тұр тірлік дейтін тартысыңды.

Сұлулық келеді әне,
Қарсы алындар,
Маңайға қуансын деп жар салыңдар.
Ей, пенде! Сұлулықтан әулие емессің,
Ғалымың, академик, маршалың бар.

Өзім де бір сұлуға елтіп қалдым,
Ойымды талай жерге ертіп бардым.
Жүректің ең бір нәзік сезім-жібін
Еріксіз байқаусызда шертіп қалдым.

Бебеулеп, құлазып тұр көңіл жылап,
Сұлудан сөз күтеді қонымдырақ.
Алдында Сұлулықтың санам отыр,
Тағдырдан махаббат пен өмір сұрап.



Дініміз - демеушіміз

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ ҰҒЫМДАР

Кез-келген ұлттың мәдени құндылықтары мен менталитетінің астарында сол халықтың рухани негізі болып табылатын, дүниені қабылдау және ойлау жүйесін көрсететін ерекшеліктері бар. Ұлттық мінез-құлықтың қалыптасуына әсер ететін және дәстүрлі тұрмыс-тіршілігіндегі мәдени белгілерінде көрініс табатын рухани құбылыс – діни наным-сенімдердің негізінде санада қалыптасқан киелі ұғымдар мен түсініктер. Бұл ұғымдар сакралданып, ұлттық сананың терең қатпарларында сакталады және ұлттық мәдениеттің рухани түп-тамырына айналады. Қазақ халқының дүниетанымында архетип ретінде көрініс тапқан және ұлттық дәстүрлерде сакталған киелі ұғымдарды айқындап, оларды қазақ мәдениетіне тән құбылыс ретінде көрсету болып отыр.

Біріншіден Қазақ қоғамының дүниетанымында тәңіршілдік-зороастралық сенімдер мен салт-жоралар белгілері арқылы айқын көрініс тапқан. Қазақ мәдениеті мен салт-дәстүрлерінде тәңіршілдік айырықша орынға ие болған.

Исламға дейін қазақ халқының дүниетанымында тәңіршілдік түсінігі өзінің құлшылығымен, қасиеттілігімен, шіркеулік, храмдық құрылыстарымен, дәстүрімен монотеистік дін болуы мүмкін еді. Бірақ Ислам

дінінің қазақ жеріне келуі мен таралуы салдарынан тәңіршілдік өз мәнін жоғалтты, кейін халық арасында Тәңір ұғымы Алла ұғымын мензейтін болды.

Қазақ халқының дүниетанымында шамандық ұғым да қалыптасқан. Шаманизм қазақ мәдениетіне өз әсерін тигізген діни жүйе және бақсылық формасында көрініс тапқан. Шамандық (бақсылық, балгерлік) – рухтармен ерекше байланыс жасау арқылы адамдардың виртуалдық (тылсымдық) дүниесіне әсер етудің ерекше бір тәсілі ретінде қолданылған.

Шаманизмді зерттеу барысында қазақстандық ғалымдар екі көзқарасты ұстанады. Мысалы: Ғалым Қ.Ш.Шүлембаев шаманизмді Қазақстанда кең тараған діни наным-сенімдердің бірегейі деп санады. «Шаманизм анимизм мен магия элементтері басым “пұттық” діндердің күрделі қоспасы» деп қарастырған болса. Ғ. Есімнің «Шамандық деген не?» атты мақаласында «шамандық пен бақсылықты әр түрлі, үш қайнаса сорпасы қосылмайтын құбылыс деп қарастырып, шамандық туралы: «...шамандық деген дін жоқ... шаманизм діндердің синкретизмінен туған, қолдан жасалған түсінік» деп түсіндіреді.

Екіншіден - қазақ мәдениетіндегі төлтуға ата-тектік діни түсініктер мен наным-сенімдердің

діни дүниетанымдағы орны және мәні.

Келесі қазақ халқының дүниетанымындағы ұғымдардың бірі «Ырыс» ұғымы. Ырыс – дәстүрлі қазақ дүниетанымындағы материалдық ерекшеліктері мен киесін анықтайтын ұғым. Халық санасында адамға бақ қонудың көрінісі абройының артуы, істеген ісінің ақталып, еңбегі жануын ырыс деп түсінген. Дәстүрлі қазақ дүниетанымында молшылыққа кенелуінің шарты береке-бірліктің артыуымен түсіндіреді, ал жеке тұлғаға ырысты болуы жеке адамгершілік қасиеттерінің жоғары болуы деп есептеген. Бұл ұғым атадан балаға берілу арқылы ғасырлар бойы жалғасын тауып отырған.

Ұлттық қазақ дүниетанымында дәл осы сияқты ұғымдар мен тиымдар толып жатыр, осы уақытта олардың діни тұрғыдағы ұқсас жақтарын талдап негізгі мәнін ашып көрсету керек.

Елбасымыз Н.Назарбаев «Тарих толқынында» атты еңбегінде «тұтас ұлт, ел болу үшін халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн, ал оған барар жол халық даналығының негізінде», – деп көрсеткен.

Сонымен, қазақ діни дүниетанымындағы ислам діні негізінде қалыптасқан ұғымдар мен рухани құндылықтар өзара тығыз ұштасып байланыса келе, қазақ халқының тілі мен ділінде, күнделікті өмір салты мен мәдени дәстүрлерінде берік орын алғанын байқаймыз.

Толғау **ҒИБАДАТ,
МДХО аға сарапшысы.**

**Төтенше жағдайлар хабарлайды:****ЗАҢДАРҒА ТҮСІНДІРМЕ**

ҚР ӘҚБт кодекстің 249 бабында ескерту немесе жеке тұлғаларға үш айлық, ал лауазымды тұлғаларға-елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынса, 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап осы кодекстің осы мазмұны 336-бабына өзгертіледі, яғни өнеркәсіп және тұрмыстық қалдықтарды жинап қою мен жағу кезінде атмосфералық ауаны қорғау және өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды сақтамау – ескерту жасауға немесе жеке тұлғаға - 3, лауазымды адамдарға - 20, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға - 40, орта кәсіпкерлік субъектілеріне - 70, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне - 120 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 312-бап. Өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу немесе орындамау - бұл, ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің үшке дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға-жиырма беске дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп сокса, ал осы баптың 2 тармағында өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауға жауапты адамның оны бұзуы, егер ол адам денсаулығына зиян немесе елеулі залал келтірген өрттің шығуына әкеп соқтырса, қылмыс құрамы болмаған кезде - айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ал, жаңадан қолданысқа енгізілетін ҚР ӘҚБтК 410-бап. Өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзу немесе орындамау– ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға – бес, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – он бес, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – жиырма бес, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап

жасалған әрекеттер (әрекетсіздік) – жеке тұлғаларға – 10, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – 20, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 30, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, адамның денсаулығына зиян немесе айтарлықтай залал келтірген өрттің шығуына әкеп соққан әрекет (әрекетсіздік), қылмыс құрамы болмаған кезде – жеке тұлғаларға – 10, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – 20, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 30, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 50 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескертпе. Осы бапқа қатысты әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кезде 50 айлық есептік көрсеткіштен асатын сома айтарлықтай мөлшердегі залал деп танылады.

Қазақстан Республикасы әкімшілік құқық бұзушылық кодекстің 460-бабы бойынша көлікте өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің 2-ге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға 5-ке дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің 3-ке дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға 10-ға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Осы аталған 460-бап алдағы 2015 жылы 589-бапқа ауыстырылады, ондағы мазмұны, көлікте өрт қауіпсіздігі қағидаларын бұзу - 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет - 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

ҚР Президентінің 09.04.2014 жылғы №278 санды Жарлығына сәйкес, әрі-қарай жоспардың 19 тармағына сәйкес, осы аталған кодекстің баптары 2015 жылдың 01 қаңтар айынан бастап қолданысқа енгізіледі.

АУДАНДЫҚ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ.

Құттықтаймыз!

Аяулы анамыз **Мухатина Нұрсұлу Қуанышбайқызын** және сіңліміз **Темірбай Қымбат Сәбитбекқызын** туған күндерімен құттықтаймыз.

Жалған дүниенің есігін ашқаннан бастап бағып-қағып, мәпелеп өсіріп, ешкімнен қалдырмай, осы күнге жеткізген, біздің әрбір еркелігімізді көтере білген Жан ана, біз Сіздің алдыңызда мәңгі қарыздармыз. Жүзіңізден шуақ кетпей, біздің ортамызда күліп-ойнап, шаттыққа кенеліп, бақытқа бөленіп жүре беріңіз. Ал сіңлімізге тілеріміз: Өмірдегі бар жақсылық атаулының бәрі сенің бойыңнан табылсын! Ең бастысы мықты денсаулық, қажымас қайрат, талмас талап тілейміз! Аспаның әрдайым ашық болып, жұлдыздарың биікте жарқырасын! Ата-ананың үмігін ақтап, биік белестерден көріне бер!

Әрқашан да күліп жүрші, анашым, Жан жетпейтін асқақ тұрған дара шың. Ортамызда аман-есен жүре бер 100 жасаныз, бізге өзін панасың!



Тілек білдірушілер: жолдасы Сәбитбек, балалары Саягул, Ботакөз, Раушан, Қымбат, күйеу баласы Амангелді және туған-туыс, бауырлары.

«Нұр Отан» партиясы филиалы хабарлайды**ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ ӨТЕДІ**

«Нұр Отан» партиясы Аманкелді аудандық филиалында 19 қараша күні сағат 10.00-де Аманкелді аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы РММ басшысы А.М.Оспанбек қоғамдық қабылдау өткізеді.

Еске алу**ҚҰДАЙ ҚОСҚАН ҚҰДА ӨДІН...****Қымбатты да құрметті құдам Шөптібай ІЗТІЛЕУҰЛЫНЫҢ рухына**

Бір Алла деп, кетті жылжып
«мыңжылдық»,
Қуанышта бірге жүріп, бір күлдік.
Ұмытам қалай, құда болам дегенде,
Жұлып бердің жүрегіннен бір гүл нық.



Туғанымдай Бақыт - гүлім қолымда,
Жан боп шықты жүрек жарды толымды.
Дилар, Әділет, Әдия, Әлжан сыйлаған,
Қабылдады үлгісін Сапаш қолында.

Міне, осы сый ғой Сізден ұрпағым,
Есіме алсам қанат қағып бұрқадым.
Жиендердің «құрығын» еш қапаған,
Соны көрсем қалай ашпайм жыр танын.

40 күн, 40 түн, мекенің жер-тұрағың,
Жаратушыдан иманды қыл деп сұрадым.
Денсаулыққа байланысты бара алмай,
Дастарханымда дұға мезреті қыламын.
Иллаһи әмин!

**Құдан Абдолла Жаңабылов.
8.11.2014 ж.**

САТАМЫН
Соғымдық сиырлар мен өгізшелер сатамын.
Тел: 8-775-265-62-58

ҮЙ САТАМЫН

6 бөлме (бөлмелері үлкен), монша, гараж, жазғы үй, сеновал, сарай, кен аула, үлкен бакша, мал ұстауға барлық жағдай жасалған. Станция Озерное (село Московское), Мельничная көшесі 16 үй, тел: 8-702-66-222-05; 8-707-3637-131. 8000S. Саудаласамыз.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН

Аманкелді селосының тұрғыны Чапай Алпысбайұлы Тұрсыновтың «Фольваген Т-4» автомашинасы тіркесінінің мемлекеттік номері 061 ВВА 10 жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

**БОС БӨТЕЛКЕЛЕР, БАКЛАШКАЛАР...**

Бүгінде Аманкелді селосының кез-келген жеріне аяқ бассаң алдыңнан домалап жатқан бос бөтелкелер мен бос баклашкалар шығады. Мейлі қай көше, мекемеге барсаңыз бәрінің маңында бос бөтелкелер мен баклашкалар... Арақтың, сыраның бөтелкелері шіреніп жатады. Ал баклашкалар болса жел сокса ығына қарай домалай береді...

Бір қызығы бұл бос бөтелкелер мен баклашкаларды көшеге кім тастайтынын не олай-бұлай өткен бір жүргінші көрмейді, не бір полицейлер мен мекеме, кәсіпорын басшылары көрмейді. Әрине, бір пенденің көрмеуі мүмкін емес... Көбі «Көрдім деген – көп сөз, көрмедім деген – бір сөз» деп, тіптен тіс жармайды.

Дұрысы ешкім: «көрмейді, білмейді». Тілі ұдай бір ақсақал айтады: «негізі осы бос бөтелкелер мен баклашкаларды біздің ауданға не арқалықтықтар, не торғайлықтар желді күні домалатып жіберетін секілді. Желдің ығымен қаңбақтай ұшып келіп, көшелерімізге, аулаларымызға, мекемелер мен кәсіпорындардың, мектептер мен балабақшалардың маңына келіп жата кететін сияқты».

Оның сөзіне сенбеуге болмас. Оларды жел жетелеп әкеле ме, әлде сол долы жел бар екінімен аспанға көтеріп, үйме-жүйме қалпында ел көрмейтін қараңғы түнде төбеден топ еткізе ме екен?

Тағы бір қызығы арақ пен сыраның, шараптың сол бос бөтелкелері мен бос баклашкалар оларды ауыздарынан алмайтын кісілердің үйлерінің жанына жиналады. Әрине, олар өздері жинала қоя ма? Әлде іштеріндегі бірі қызулы, бірі ащы суларды ішкендер өз үйлерінің маңайына тастауды ұмытып кетіп, көршілерінің үйлерінің жанына немесе көшеге әдейі лақтырады ма екен?

Уа, ағайын! Бұл фактілерге сенбесеңіздер селомыздың кез-келген көшесіне, сол көшелердегі әр үйдің маңына жиналып барып, көз жүгіртіңіздерші?

Тегінде осы біз қайда кетіп бара жатырмыз? Орыс-орман дей қоятындай олар жоқтың қасы. Шылғи қазақтармыз. Бұрын Тәуелсіздікке дейін әлгілерден көріп келіп едік. Енді не бетімізді айтамыз? Кімнен көреміз? Қайта мың рахмет,

Нұржан ИМАНБАЕВ.

2014 жылдың IV-тоқсанында «Амангелді ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жеке және заңды тұлғаларды қабылдау КЕСТЕСІ ГРАФИК ПРИЕМА Физических и представителей юридических лиц в Государственное учреждение «Отдел земельных отношений акимата Амангелдинского района» на IV-квартал 2014 года.		
Азаматтарды қабылдау жүргізетін тұлғаның тегі-аты-жөні	Азаматтарды қабылдау жүргізетін тұлғаның лауазымы	Қабылдау күні уақыты телефоны
Кенжебеков Қыйлыбек Қайдарұлы	бөлім басшысы	Бейсенбі. сағ: 15-00-17-00. 8(71440)21276
СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ: 21-2-76 Қостанай облысы «Амангелді ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» КММ Б.Майлин көшесі 14		

110200. Меншік иесі : «Аманкелді арайы» газеті редакциясы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас редакторы - Х.Қ.МҰСАБАЕВ	Газет ҚР Мәдениет және Ақпарат Министрлігінде 2014 жылдың 17 сәуірінде қайта тіркеуден өткізіліп, №14308-Г куәлігі берілді. Газет «Қостанай - полиграфия» ЖШС-нің баспаханасында басылады. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Жарнама мен хабарландырудың, құттықтаудың мәтініне редакция жауап бермейді. Газетте жарияланған автор пікіріне редакция көзқарасын білдірмейді. Компьютерлік 3 беттен асатын	материалдар қабылданбайды. Мақалалар компьютерде теріліп редакцияға электронды вариантта жеткізілуі тиіс. Түсініксіз қолжазбалар қабылданбайды. Аптасына 1 - рет шығады. Көлемі екі баспа табақ. Таралымы - 1926 дана. Тапсырыс - 2385 Мекен-жайымыз: Аманкелді селосы, Б.Майлин көшесі 14, 2-қабат, Телефондар: (8 714-40) 2-38-10. 2-10-57.
------------------------------	---	---